

**«Ақмола облысының білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау қорытынды анықтамасы.**

**29 наурыз 2024жыл**

**«Ақмола облысының білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі»** коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59 бабының 4-1 тармақшасы негізінде және 2024 жылғы **28 ақпанда** өткізілген кезектен тыс педагогикалық кеңестің (№1 хаттамасы) шешімі негізінде 2024 жылдың 01-31 наурыз аралығында мектепте өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылды.

Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу үшін мектеп директорының 2024 жылғы

**28 ақпандағы** №21-н/қ бұйрығымен комиссия құрамы төмендегідей құрылды:

1. Аймихан Мырзабек - мектеп директорының міндетін атқарушы, комиссия төрағасы
2. Карагулов Канат Койшанович - директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
3. Костанова Алтынгүль Муратовна - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
4. Тойлыбай Жанарбек – кәсіподақ төрағасы, комиссия мүшесі
5. Таутиев Нурлан Алмуханович- директордың шаруашылық ісі жөніндегі меңгеруші, комиссия мүшесі

Комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» нормативтік құжаттар негізінде, бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖБМБС талаптарына сәйкестігіне және мекеменің материалдық базасына талдау жүргізді. Сонымен бірге білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексеріліп, бағалау өлшемшарттар негізінде білім беру ұйымының қызметі бағаланды.

**I. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы**

**1. Білім беру ұйымының толық атауы**

«Ақмола облысының білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**2. Білім беру ұйымының орналасқан жері**

(заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)

Заңды мекен-жайы: 031118, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы Бұланды ауданы Никольск ауылы, Советская №5А,

**3. Заңды тұлғаның байланыс деректері**

(телефон, электрондық пошта, web-сайт) 8 (716)46-31-1-26.

Мектеп сайт атауы: : <http://nikolskayash1.edu.kz/>

Электрондық пошта: : [bul-eltayskaya-sh@yandex.kz](mailto:bul-eltayskaya-sh@yandex.kz)

**4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері**

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:** Мектеп директорының міндетін атқарушы Аймихан Мырзабек 2021 жылы 26 шілдеде Бұланды аудандық білім бөлімінің №108/ бұйрығымен «Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ мектеп директорының міндетін атқарушы қызметіне тағайындалды.

**5. Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары** (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса

беріледі) «Никольск №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 17.01.2021 жылы тіркеліп, Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5-қаңтардағы №А-1/2 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады);

«Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ–нің басқару органы - «Ақмола облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Ақмола облысы әкімінің аппараты» ММ.

**6. Рұқсат беру құжаттары** (білім беру қызм етіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон) Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 15 ақпан 2021 жылғы №KZ37LAA00023591, мерзімі– шектелмеген (көшірме қосымша ұсынылады).

**Қосымша -1:** Білім беру ұйымының құжаттары салынды

2.

**Кадрлық құрамға талдау**

**Талдау:** “Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі” КММ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының

2-қосымшасымен бекітілген негізінде ұйымдастырады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді.

2023-2024 оқу жылы бойынша **бастауыш сыныптарға сабақ беретін – 10 мұғалім.** Оның ішінде – “педагог-зерттеуші” –2 мұғалім, «педагог-сарапшы -4 мұғалім,“ педагог-2 мұғалім, санатсыздар-2 мұғалім. 1-4класс: Сапалық құрамы-60 % (бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі шағын жинақты мектептер үшін кемінде 20 %;) құрап отыр. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

№	Педагогтардың аты–жөні	Білімі, оқу орны, аяқтаған жылы	Диплом бойынша мамандығы	Еңбе к өтілі	Санаты
1	Кожаканова Куаныш Темиргалиевна	Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, ЖБ 0350503, 2003жыл	Педагогика және бастауыш мектепте оқыту әдістемесі	30	Педагог-зерттеуші, 31.12.2019ж №243-/қ
2	Касымжанова Алия Жумабековна	Ш.Уәлиханова атындағы Көкшетау педагогикалық институты, ЖБ-ІІ№0097383, 1996ж,	Педагогика және бастауыш сыныптар әдістемесі	35	Педагог-зерттеуші, 31.12.2019ж №243-/қ

3	Гакашина Индира Карабековна	Қостанай әлеуметтік академиясы, ЖБ 0322577, 2003г	педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі	29	Педагог-сарапшы, 27.07.2020ж, №197/а
4	Оспанова Гульбаршин Байдалиевна	С.Сейфуллин атындағы мемлекеттік педагогикалық институты, ЖБ №0070874, 1996жыл	Педагогика және бастауыш оқытудың педагогикасы	28	Педагог-сарапшы, 25.12.2019ж, №705/а
5	Шарина Елена Евгеньевна	Ш.Уәлиханова атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, ЖБ-Б №1195543, 2017жыл	Орыс тілі мен әдебиеті	33	Педагог-сарапшы, 30.07.2019ж №438/а
6	Шахатова Жанна Кабеновна	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университеті, , ЖБ 0229599, 2001г	Орыс тілі мен әдебиеті,	25	Педагог-сарапшы, 30.07.2019г №438/а
7	Азамат Армангүл Бейбитханқызы	Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, ВД №00018305155, 2023 жыл	Шет тілі	1 дейін	Педагог
8	Болпанов Бауыржан Айтбатырович	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, ,ВД-00017967426, 2022жыл	Дене мәдениеті және спорт	1.5	Педагог
9	Молдан Жұлдыз	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, ЖБ №1405217, 2019 жыл	Информатика	2	
10	Хаман Бибигуль	Көкшетау қазақ педагогика колледж, ОАБ-11 №0189309, 1997ж.	Бастауыш сынып мұғалімі	5	

**Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-11 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері -18 Оның ішінде “педагог-зерттеуші-3 мұғалім “педагог-сарапшы”–6, “педагог-модератор” –2 мұғалім, «педагог»-3, санатсыз-4 мұғалім. Сапалық құрам –61 % құрап отыр.**

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша шағын жинақты мектептер үшін - 25%-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

**Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы**

№	Педагогтардың аты–жөні толық (құжаттағыдай)	Білімі, оқу орны, аяқтаған жылы	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Санаты
1	Аймихан Мырзабек	Солтүстік-Қазақстан университеті, ЖБ 0275830, 2002 жыл	Математика,	21	Педагог-модератор, 31.07.2020ж, №83
2	Қарагулов Канат Койшанович	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, ВД-00024923023, 2023 жыл	Бастапқы әскери дайындық	21	Педагог-сарапшы, 25.12.2019ж, №705/а
3	Костанова Алтынгүль Муратовна	Көкшетау университеті, педагогика және бастауыш оқыту әдістемесінің , ЖББ №0156428, 2008 жыл	Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесінің	31	
4	Қасымжанова Алия Жумабековна	Ш.Уәлиханова атындағы Көкшетау педагогикалық институты, ЖБ-ІІ№0097383, 1996ж,	Педагогика және бастауыш сыныптар әдістемесі	35	Педагог-зерттеуші, 31.12.2019ж №243-/қ
5	Балпанова Салтанат Рахимовна	С. Сейфуллин атындағы педагогикалық институт, УВ №702299, 1992 г	Физика және математика	31	Педагог-сарапшы, 25.12.2019ж , №705/а
6	Таутиева Айнагуль Хайруловна	Ш.Уәлиханова атындағы Көкшетау педагогикалық институты, ЖБ-ІІ№0097383, 1996г	Қазақ тілі мен әдебиеті	27	Педагог-зерттеуші, 31.12.2019ж №243-/қ
7	Шахатова Жанна Кабеновна	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университеті, ЖБ 0229599, 2001г	Орыс тілі мен әдебиеті	25	Педагог-сарапшы, 30.07.2019г №438/а
8	Аймихан Жанаргуль	Ш.Уәлиханова атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, ЖБ 0509192, 2004жыл	тарих және география мамандығы		Педагог-модератор, 31.07.2020ж, №84
9	Народ Халамхан	Монголия педагогикалық институты, №00075, 1983 г	Тарих және география	39	Педагог-сарапшы, 25.12.2020г №1008
10	Тойлыбай Жанарбек	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті,	Математика	9	Педагог-сарапшы, 14.07.2021ж, №264

		ЖБ-Б №0802296, 2014ж, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, ЖБ-Б №1195804, 2017г	Физика		
11	Шарина Елена Евгеньевна	Ш.Уәлиханова атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, ЖБ-Б №1195543, 2017жыл	Орыс тілі мен әдебиеті	33	Педагог-сарапшы, 30.07.2019ж №438/а
12	Худабай Ахбота	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті, ЖБ 0283234, 2002г	Биология	21	Педагог-зерттеуші, 31.12.2019ж №243-к
13	Азамат Армангүл Бейбитханқызы	Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, ВД №00018305155, 2023 жыл	Шет тілі	1 дейін	Педагог 13.04.2023ж
14	Болпанов Бауыржан Айтбатырович	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, ,ВД-00017967426, 2022жыл	Дене мәдениеті және спорт	1.5	Педагог 09.08.2022ж
15	Молдан Жұлдыз	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, ЖБ №1405217, 2019 жыл	Информатика	2	
16	Бигарина Рымгуль Жаппаровна	Еуразия гуманитарлық институты, БЖБ №0004830, 2007жыл	Тарих	34	
17	Комекбай Бауыржан	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, ВД-00024955200, 2023 жыл	Дене мәдениеті және спорт	5	
18	Қасен Арман Берікұлы	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, ВД-00017966362, 2022ж	Дене мәдениеті және спорт	1 жылға дейін	Педагог 21.08.2023ж

Жаратылыс тану математика бағыттағы педагогтердің үлесі – 6. Оның ішінде – педагог-зерттеуші-1“педагог-сарапшы” –2, “педагог-модератор” – 2 санатсыз-1 мұғалім. Сапалық құрам – 83 % құрап отыр.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша мектептер үшін - 30 %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

**Педагогтардың білімі бойынша:**

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	магистр	Жоғары	арнаулы орта білім
2021-2022	20	0	16	4
2022-2023	23	1	19	4
2023-2024	23	2	19	2

**Қорытынды: Барлық жұмыс жасайтын педагогтардың тиісті бейіні бойынша білімі бар.**

«Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де педагогтер саны –23 , оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер –21 (91%,) арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 2 (9%,)

**Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;**

№	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	Пед. еңбек өтілі	ББҰ басшысы орынбасары лауазымындағы еңбек өтілі (бар болса)	Санаты
1	Аймихан Мырзабек	Директор міндетін атқарушы	21	21	2	
2	Карагулов Канат Койшанович	Оқу ісі орынбасары	21	21	1 жылға дейін	
3	Костанова Алтынгүль Муратовна	Тәрбие ісі орынбасары	31	31	2	

Көрсетілген кестеге сәйкес басшы орынбасарларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өтпегендігі анықталды.

**Аймихан Мырзабек-** мектеп директорының міндетін атқарушы лауазымында 2 жыл қызмет жасайды, басшы ретінде еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес аттестаттаудан өткізілмегендігі анықталды.

**Карагулов Канат Койшанович-**директордың оқу-ісі орынбасары лауазымында 1 жылға дейін қызмет жасайды, басшы орынбасары ретінде еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес аттестаттаудан өткізілмегендігі анықталды.

Басшылық қызметтегі еңбек өтілі 3 жылға толғаннан кейін біліктілік санатқа өтеді деп жоспарлануда.

**Костанова Алтынгүль Муратовна-**директордың тәрбие ісі орынбасары лауазымында 2 жыл қызмет жасайды, басшы орынбасары ретінде еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес аттестаттаудан өткізілмегендігі анықталды.

Басшылық қызметтегі еңбек өтілі 3 жылға толғаннан кейін біліктілік санатқа өтеді деп жоспарлануда.

**кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін**

**арттыру/растау туралы мәліметтер;  
Біліктілік санаты бойынша:**

Оқу Жылдары	Жалпы саны	Санаты жоқ	Педагог	Педагог шебер	Педагог-Зерттеуші	Педагог-Сарапшы	Педагог-Модератор
2021-2022	20	7	0	0	3	7	3
2022-2023	23	7	2	0	4	7	3
2023-2024	23	5	3	0	4	9	2

**Қорытынды:**

**2021-2022** оқу жылдары бойынша «Педагог-шебер»-0, «педагог-зерттеуші»-3 «педагог-сарапшы»-7, «педагог –модератор»-3, «педагог »-0, санаты жоқ- 7

**2022-2023** оқу жылдары бойынша «Педагог-шебер»-0, «педагог-зерттеуші»-4 «педагог-сарапшы»-7, «педагог –модератор»-3, «педагог »-2, санаты жоқ-7

**2023-2024** оқу жылдары бойынша «Педагог-шебер»-0, «педагог-зерттеуші»-4 «педагог-сарапшы»-9, «педагог –модератор»-2, «педагог »-2, санаты жоқ-5

Ұсыныс: Педагогтардың сапалық құрамы талапқа сәйкес келеді

**Қосымша -2: Барлық педагогтардың құжаттары салынды.**

**2.4. кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.**

**Біліктіліктің арттыру курстары:**

Мектептің педагогтары өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатын 3 жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырған.

**Курстан өткен педагогтар көрсеткіші**

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	Педагогикалық шеберлік орталығы	Ақылы курстар
2021-2022	20	9	2	
2022-2023	23	7	6	
2023-2024	23	7		

**2021-2022 оқу жылы.**

2021-2022 оқу жылында жылында біліктілік арттыру курсынан 11 педагог өтті

№	Мұғалімнің аты –жөні	Пәні	Өткен уақыты	Тақырыбы	Сертификат №	Өткен орны
1	Аймихан Мырзабек	Информатика	31.03. 2021ж	"Информатика" пәні бойынша педагог кадрларын біліктілігін арттыру	db6933af	"Назарбаев Зияткерлік мектептері"ДБ БҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
2	Кожаканова Куаныш Темиргалиевна	Бастауыш сынып	04.06. 2021ж	"Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру"	№0404936	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ
3	Тойлыбай Жанарбек	Математика	31.08. 2022ж	"Мектептегі математика сабағы: басымдылықтар мен жетілдіру стратегиялары	34095a949	"Назарбаев Зияткерлік мектептері"ДБ БҰ Педагогикалық шеберлік орталығы

4	Худабай Ахбота	Биология	06.05.2022ж	"Биология пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту"	№0483847	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ
5	Аймихан Жанаргуль	География	21.05.2021ж	"География пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту"	№0404028	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ
6	Шарина Елена Евгеньевна	Орыс тілі мен әдебиеті	24.04.2022ж	"Развитие профессиональных компетенций учителя русского языка и литературы"	№0483579	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ
7	Хаман Бибигуль	Бастауыш сынып	17.06.2022ж	"Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру"	№0506642	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ
8	Шарина Елена Евгеньевна	Орыс тілі мен әдебиеті	20.04.2022ж	"Современные образовательные технологии в условия обновления содержания образоваия" на платформе Canvas	№036131	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ
9	Хаман Бибигуль	Бастауыш сынып	16.06.2022ж	"оқу процесін ұйымдастыруда заманауи цифрлық ресурстарды пайдалану әдістері"	№036362	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ
10	Таутиева Айнагуль Хайруловна	Қазақ тілі мен әдебиеті	2021ж	Озық педагогикалық тәжірибе таратқаны	№926	Аудандық білім бөлімі
11	Кожаканова Куаныш Темиргалиевна	Бастауыш сынып	26.01.2022ж	"Бастауыш сыныптың оқу бағдарламаларын жоспарлау"	№142	"Өрлеу" "БАҰО" АҚ



**2022-2023 оқу жылында біліктілік арттыру курсынан 13 педагог өтті**

<b>№</b>	<b>Мұғалімнің аты –жөні</b>	<b>Пәні</b>	<b>Өткен уақыты</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сертификат №</b>	<b>Өткен орны</b>
1	Гакашина Индира Карабековна	Бастауыш сынып	14.07.2023ж	“Бастауыш мектептегі сабақ: басымдылықтар мен жетілдіру стратегиялары	№011652	"Назарбаев Зияткерлік мектептері "ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
2	Шахатова Жанна Кабеновна	Орыс тілі мен әдебиеті	20.09.2022ж	“Развитие профессиональных компетенций учителя русского языка и литературы	БЖ №0001728	“Өрлеу” ғылыми әдістемелік орталығы АҚ
3	Касымжанова Алия Жумабековна	Бастауыш сынып	24.02.2023ж	“Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау”	422ab4662	"Назарбаев Зияткерлік мектептері "ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
4	Көмекбай Бауржан	Дене мәдениеті және спорт	06.04.2023ж	Дене шынықтыру педагогтарының кәсіби құзіреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру	00007164	“Ұлттық-ғылыми практикалық ден тәрбиесі орталығы” РМҚК
5	Кожаканова Куаныш Темиргалиевна	Бастауыш сынып	17.03.2023ж	“Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау”	014769	"Назарбаев Зияткерлік мектептері "ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
6	Кожаканова Куаныш Темиргалиевна	Бастауыш сынып	14.07.2023ж	“Бастауыш мектептегі сабақ: басымдылықтар мен жетілдіру стратегиялары	№011658	"Назарбаев Зияткерлік мектептері "ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
7	Балпанова Салтанат Рахимовна	Математика	17.11.2022ж	Оқу мақсатына сай ашық және жабық тапсырмаларды әзірлеу”	383664140	"Назарбаев Зияткерлік мектептері "ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы

8	Бигарина Рымгуль Жапаровна	Жаһандық құзыреттілік	14.04. 2023ж	Жаһандық құзыреттіліктер	0541423	“Өрлеу” ғылыми әдістемелік орталығы АҚ
9	Бигарина Рымгуль Жапаровна	Тарих	02.08. 2023ж	“Мектептегі тарих сабағы: басымдылықтар мен жетілдіру стратегиялары”	№011772	“Өрлеу” ғылыми әдістемелік орталығы АҚ
10	Болпанов Бауыржан Айтбатыр ович	Дене мәдениеті және спорт	06.04. 2023ж	Дене шынықтыру педагогтарының кәсіби құзіреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру	00004863	“Ұлттық- ғылыми практикалық ден тәрбиесі орталығы” РМҚК
11	Худабай Ахбота	Биология	2023ж	“Ғылыми- жаратылыстану сауаттылығын дамыту бойынша тапсырмаларды орындау және әзірлеу	№1854	Ақмола облысы білім басқармасы ның әдістемелік орталығы
12	Худабай Ахбота	Биология	14.04. 2023ж	“Ғылыми- жаратылыстану сауаттылығын дамыту бойынша тапсырмаларды орындау және әзірлеу	№0538058	“Өрлеу” ғылыми әдістемелік орталығы АҚ
13	Балпанова Салтанат Рахимовна	математика	16.05. 2023ж	“Мектептегі математика сабағы: басымдылықтар мен жетілдіру стратегиялары	№011547	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогика лық шеберлік орталығы

**2023-2024 оқу жылында біліктілік арттыру курсынан 7 педагог өтті**

№	Мұғалімнің аты -жөні	Пәні	Өткен уақыты	Тақырыбы	Сертификат №	Өткен орны
1	Қасен Арман Берікұлы	психолог	26-27. 2023ж	“Мектеп медиациясының негіздері”	0642103	Эрудит Астана
2	Худабай Ахбота	Биология	14.04. 2023ж	“Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамыту бойынша тапсырмаларды орындау және әзірлеу	№0538058	“Өрлеу” ғылыми әдістемелік орталығы АҚ
3	Азамат Армангүл Бейбитханқызы	Ағылшын тілі	13.10. 2023ж	“Совершенствования предметных компетенций учителя английского языка по сложным темам в рамках учебной программы для 5-9 классов”	№0638403	“Өрлеу” ғылыми әдістемелік орталығы АҚ
4	Азамат Армангүл Бейбитханқызы	Ағылшын тілі	13.10. 2023ж	“Основы исследования Lesson Study”	№135472	“Өрлеу” ғылыми әдістемелік орталығы АҚ
5	Касымжанова Алия Жумабековна	Әлеуметтік педагог	15.09. 2023ж	“Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері”	№0026814	“Адам үйлесімді дамуы ұлттық институты”
6	Костанова Алтынгүл Муратовна	Тәрбие ісінің меңгерушісі	29.09. 2023ж	“Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері”	№0030561	“Адам үйлесімді дамуы ұлттық институты”
7	Тойлыбай Жанарбек	Физика мен математика	2023ж	“Жаратылыстану-ғылыми,математикалық сауаттылық, оқушылардың практикалықдағдырын дамытудың негізі	№6	Аудандық білім бөлімі

**Инклюзивтік білім беру курсынан өткен мұғалімдер тізімі**

№	ТА Ә	Білімі	Инклюзи я
1	Аймихан Жанаргуль	Педагог-модератор (география мұғалімі) №84 31.07.2020ж,	"ӨРЛЕУ ""инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны" 26.02.2021 №0404259
2	Карагулов Канат Койшанович	Педагог-сарапшы (ОІМ) №705/а 25.12.2019ж,	"ӨРЛЕУ ""инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны" 26.02.2021 №0404266
3	Балпанова Салтанат Рахимовна	Педагог-сарапшы (математика мұғалімі) №705/а 25.12.2019ж,	"ӨРЛЕУ ""инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны" 26.02.2021 №0404261
4	Шахатова Жанна Кабеновна	Педагог-сарапшы (орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі) №438/а 30.07.2019г	"ӨРЛЕУ ""инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны" 26.02.2021 №0404279
5	Шарина Елена Евгеньевна	Педагог-сарапшы (орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі) №438/а 30.07.2019ж	"Алтын білім кілті" "Инклюзивті білім беру мен үйде оқытуды ұйымдастыру және арнайы балалармен жұмыс жасау" 27.09.2023ж №00661
6	Тойлыбай Жанарбек	Педагог-сарапшы (Математика мен физика мұғалімі) №264 14.07.2021ж,	"Назарбаев зияткерлік мектептері" ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы 31.08.2022 34095a949

Соңғы үш жылда біліктілік арттыру курсынан өтпеген педагог жоқ .

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша:

Оқу Жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісі орынбасары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2021-2022 оқу жылы	«Мектептегі басқарудағы инновациялық менеджмент» 11.03. 2022 №2cef0e7dc		
2022-2023 оқу жылы	«Шағын жинақталған мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер» 14.08-25.08.2023ж №06363349		

2023-2024 оқу жылы	“Орта білім беру ұйымдарында кәмілетке толмаған балалар арасында суицидтің алдын алу” 26.02-01.03.2024ж №0039809		“Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері”
--------------------	--	--	---

**2.6. білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы үш жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;**

Қатысқан оқушылар Саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
	1орын	2орын	3орын	1орын	2орын	3орын	1орын	2орын	3орын
2021-2022	5	8	5			1			
2022-2023	3	11	15		1	3	3		
2023-2024									

**Оқушылардың (аудандық, облыстық, республикалық) олимпиадаларға қатысуын талдау**

**2021-2022 оқу жылындағы жетістіктер:**

- 2021 жыл ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы аудандық үстел теннисінен 6-сынып оқушысы Шурманова Анель II орын
- 2021 жыл ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы аудандық үстел теннисінен 6-сынып оқушысы Хурметбек Кәкім II орын
- 2021 жыл ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Ұлттық ойын фестивалін өткізу туралы «Жастар-2021» аудандық спартакиада бағдарламасындағы қазақ күресінен 9-сынып оқушысы Мейрамбек Ғабит III орын
- 2021 жыл ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Ұлттық ойын фестивалін өткізу туралы «Жастар-2021» аудандық спартакиада бағдарламасындағы қазақ күресінен 11-сынып оқушысы Оразахов Азамат I орын
- 2021 жыл ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Бес асық» ұлттық ойыны бойынша аудандық турнирдан 8-сынып оқушысы Далелхан Ажар III орын
- 2021 жыл ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Бес асық» ұлттық ойыны бойынша аудандық турнирдан 6-сынып оқушысы Қанатбек Гаусар III орын
- 2021 жыл «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы Ұлттық спорт түрі «тоғызқұмалақтан» облыстық жарыста «Елтай орта мектебі» командасы III орын
- 2021 жыл «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы Ұлттық спорт түрі «тоғызқұмалақтан» облыстық жарыста Барбол Ұлболсын III орын
- 2021 жыл «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы Ұлттық спорт түрі «тоғызқұмалақтан» облыстық жарыста Қанатбек Гаусар III орын
- 2021 жыл «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы Ұлттық спорт түрі «тоғызқұмалақтан» облыстық жарыста Хажайхан Айдынбол III орын
- 2021 жыл «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы Ұлттық спорт түрі «тоғызқұмалақтан» облыстық жарыста Рысбек Еркін III орын
- 2021 жыл ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Ұлттық ойын фестивалін өткізу туралы «Жастар-2021» аудандық спартакиада бағдарламасындағы асық атудан «Никольск ауылының №1 ЖОББ» мектебі командасы II орын
- 2021 жыл ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Ұлттық ойын фестивалін өткізу туралы «Жастар-2021» аудандық спартакиада бағдарламасындағы асық атудан Аман Айтуған II орын
- 2021 жыл ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Ұлттық ойын фестивалін өткізу туралы «Жастар-2021» аудандық спартакиада бағдарламасындағы бес асықтан «Никольск ауылының №1 ЖОББ» мектебі командасы I орын

2022 жыл Талғат Бигелдиновтың 100 жыдығына арналған аудандық шахмат сайысында Қасымхан Елдос II орын

2022 жыл Талғат Бигелдиновтың 100 жыдығына арналған аудандық шахмат сайысында Қадір Сайран III орын

2022 жыл Ауған әскерлерді шығарудың 32 жылдығына орай аудандық «Ұлттық мектеп лигасы»

бағдарламасындағы бес асықтан «Никольск ауылының №1 ЖОББ» мектебі командасы I орын

2022 жыл «Жастар-2022» атты аудандық спартакиадада ЯДРО ЛАҚТЫРУ жарсында Рысбек Алтынжұлдыз III орын

2022 жыл «Жастар-2022» атты аудандық спартакиадасының «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы шахматтан «Никольск ауылының №1 ЖОББ» мектебі командасы II орын

2022 жыл «Жастар-2022» атты аудандық спартакиадасының «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы «Бес асықтан» «Никольск ауылының №1 ЖОББ» мектебі командасы I орын

2022 жыл Аудандық жеңіл атлетика Кросс сайынынан Қызмет Орынберген I орын

2022 жыл Аудандық жеңіл атлетика Кросс сайынынан Сектаев Ерасыл II орын

- Алмуханова Мөддір–облыстық пән олимпиадасы орыс тілі пәнінен III орын (пән мұғалімі Шарина Е.Е.)

### **2022-2023 оқу жылындағы жетістіктер:**

#### **Облыстық жетістіктер:**

- Хумархан Нұрсултан – қазақ тілі(пән мұғалімі Таутиева А.Х)
- Хурметбек Мухамедәли – Қазақстан тарихы(пән мұғалімі Народ Х.)
- Ақылбек Ахмерей - қазақ тілі(пән мұғалімі Таутиева А.Х)

Айқанат» олимпиадада аудандық олимпиадада 2 оқушы Сулейменов А және Мақсат Ж аудандық іректен өтті және облыстық деңгейіне қатысты.

**«Айқанат» олимпиадада аудандық іріктеуден өтті және наурыз айында облыстық деңгейіне қатысады.**

8 сынып оқушылары:

- Төлеу Нурайлым
- Макамеджанова Диана
- Жиенбек Салтанат
- Хуанған Ақтілек
- Манарбек Фарид
- Рахметов Ескіндір
- Тилек Бексултан
- Оразахов Азат

#### **Республикалық жетістіктері.**

- Хумархан Нұрсултан .Балалар оқулары байқауының облыстық кезеңінде 2 орынға ие болғаны үшін
- Республикалық «Кенгуру -2022» олимпиадасында
- 2 сыныптар бойынша Сайлаубай Дильназ– I орын
- 3 сыныптар бойынша Сайлаубай Ансар– I орын
- 4 сыныптар бойынша Шахатова Касиет – I орын

#### **Аудандық спорттық жетістіктері**

- еркін күрестен 4-сынып оқушысы Қызымет Бақберген III орын иеленді.
- “Жастар-2022” аудандық спартакиадасының аясындағы 9-11 сынып оқушылары арасында шахматтан II орын алған үшін 9-сынып оқушысы Болатбек Әділет марапатталды.
- аудандық ұлдар арасында еркін күрестен 5-сынып оқушысы Хурметбекұлы Мухаммедали III орын иеленді.
- ауданы бойынша білім бөлімі” Ұлттық спорт түрі “Жастар-2022” шахматтан II орын алған үшін 9-сынып оқушысы Талғатбек Жебетай марапатталды.
- “Жастар-2022” аудандық шахматтан II орын алған үшін 9-сынып оқушысы Хурметбек Кәкім марапатталды.
- ауданының чемпионаты жарысына қатысып I орын иеленген үшін 6-сынып оқушысы Қызымет Орынберген марапатталды.
- ауданының чемпионаты жарысына қатысып II орын иеленген үшін 6-сынып оқушысы Бекболат Тілекберген марапатталды.
- аудандық чемпионаты жарысына қатысып III орын иеленген үшін 5-сынып оқушысы Мырзабек Ерәлі марапатталды.
- аудандық чемпионаты жарысына қатысып II орын иеленген үшін 5-сынып оқушысы Ақылбек Нұртас
- еркін күресінен жарысына қатысып II орын иеленген үшін 5 сынып оқушысы Хурметбекұлы Мухаммадали
- аудандық «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасы 7-8 сынып оқушылар арасында «Бес асық» жарысында II орын алған үшін Қанатбекқызы Қаусар, Мырзабек Інжу
- «Тоғызқұмалақтан» аудандық жарыстан III орын алған үшін Хурметбек Ұлықпан Рысбек Алтынжұлдыз марапатталды.
- «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы 9-11 сынып оқушылары арасында шахматтан II орын алған Хурметбек Ұлықпан, Рысбек Алтынжұлдыз, Талғатбекұлы Жебетай
- Аудандық пікірсайыс турнирінде I орын алғаны үшін “Жас алаш” тобы марапатталды.
- Аудандық пікірсайыс турнирінде “үздік спикер” номинациясы Аман Нұрсәуле марапатталды.

## **Аудандық**

### **III-ші орынға иеленді:**

- Қайырбекова Нурай –ағылшын тілі(пән мұғалімі Жауен Е.Б.)
- Ганбат Нурсая – қазақ тілі(пән мұғалімі Аймихан Ж.)
- Шурманова Анель – орыс тілі(пән мұғалімі Шахатова Ж.К.)
- Серікбай Аяулым – орыс тілі(пән мұғалімі Шарина Е.Е.)
- Айбек Ахбалғын – қазақ тілі(пән мұғалімі Таутиева А.Х)
- Рысбек Алтынжұлдыз – Қазақстан тарихы(пән мұғалімі Народ Х.)
- Аман Нұрсәуле – география(пән мұғалімі Аймихан Ж)
- Мырзабек Қарақат – ағылшын тілі(пән мұғалімі Жауен Е.Б.)
- Төлеу Елік – биология(пән мұғалімі Худабай А.)
- Кошиков Амир - физика(пән мұғалімі Тойлыбай Ж)

### 2023-2024 оқу жылындағы жетістіктер:

- 7-8 сыныптарға арналған аудандық география пәні олимпиадасында 3 орын -Ғанбат Нұрсая
- 5-6 сыныптар арасындағы пәндік олимпиадада орыс тілінен 2 орын-Шурманов Ерәлі
- 5-6 сыныптар арасында пәндік олимпиадада қазақ тілінен 2 орын-Хумархан Нұрсұлтан
- “Бірлік” командасы 1 орын Бастау 2024ж Иса Әли, Даргер Ахмет, Хасымхан Нұрайым
- Аудандық пәндік олимпиада Шурманова Анель 1 орын ағылшын тілі
- Аудандық пәндік олимпиадаХасымхан Елдос 3 орын география,
- Аудандық пәндік олимпиада Қанатбекқызы Қаусар 3 орын қазақ тілі,
- Аудандық пәндік олимпиада Мадияров Рахим 3 орын математика
- Аудандық “БАСТАУ” олимпиадасы Кадир Сайран 1 орын
- Аудандық “Балалар оқулары” Жиынбек Салтанат 1орын

- Ауыл мектептері арасындағы олимпиадада облыстық кезеңіде: Жиынбек Салтанат 2 орын қазақ тілі  
Рахметов Ескендір 3 орын орыс тілі  
Темиргалиева Жангуль 3 орын орыс тілі  
Кайырбекова Нұрай 3 орын ағылшын тілі

### **Жалпы қорытындылай келе:**

Пән мұғалімдері оқушыларды түрлі олимпиадалар мен қашықтықтан өткізілетін интеллектуалды байқауларға қатыстырып, оқушылары жүлделі орындарды иеленген.

### **3.Білім алушылар контингенті**

#### **Білім алушылар контингентінің сандық құрамы**

№	Структура контингента	Начальная школа		Основная школа		Средняя школа		Всего по школе	
		общее количество классов	количество обучающихся	общее количество классов	количество обучающихся	общее количество классов	количество обучающихся	общее количество классов	количество обучающихся
1	общеобразовательные классы	4	33	5	47	2	12	11	92
2	классы с повышенным уровнем (для специализированных организаций образования)								
3	гимназические классы								
4	лицейские классы								
5	специальные классы (коррекционные)								

Мектеп директоры м.а. \_\_\_\_\_

(подпись)

Ф.И.О. (при наличии)



## **Сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер**

2023-2024 оқу жылында білім алушылар контингенті- 92 баланы (11 сынып-комплект) құрады. Барлығы 1-11 сыныптар аралығында (11 сынып-комплект) 1-4 сыныптар-(4 сынып- комплект) ,5-11-сыныптар- (7 сынып-комплект) бар,

Оқыту сатылары бойынша төменде көрсетілген ретпен бөлінді:

Мектепалды даярлық сыныбы бойынша -9, 1 сынып- комплект

-1-4сыныптар – 33 ( 36%)- 4сынып- 4комплект

- 5-9 сыныптар 47 ( 51%) -5сынып -5комплект

- 10-11сыныптар – 12 (13%)-2- сынып 2 комплект

Барлығы 92 білім алушы оқытылууда. Сыныптардың орташа толымдылығы – 8 оқушы.

Жалпы мектеп бойынша озат оқушылар –16,екпінділер –39, 31 оқушы орташа оқиды,

үлгермейтін оқушылар жоқ, 1 сыныпта 6 оқушы оқиды.

2023-2024 оқу жылында үшінші тоқсанда мектеп бойынша білім сапасы-64%, үлгерімі 100%,

### **білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер;**

#### **білім алушылардың қозғалыс кестесі**

<b>..</b>	<b>келгені</b>	<b>кеткені</b>
2021-2022	18	23
2022-2023	15	12
2023-2024	3	12
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>36</b>	<b>47</b>

2021-2023 жылдар аралығында мектепке келген бала саны -15, кеткен бала саны-12, яғни мектептегі білім алушылардың кетуі тұрғындардың қоныс аударуына байланысты.

Қорытынды:Білім алушылар контингентінің салыстырмалы талдауынан білім алушылар контингентінің тұрақтылығы байқалады:

#### **4.Оқу-әдістемелікжұмыс**

### **Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:**

**4.1.білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;**

Мектептің 2021-2022,2022-2023, 2023-2024 оқу жылдардағы жұмыс оқу жоспарлары мен сабақ кестелерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігі тексерілді. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылдың 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-қосымшасының 4-тарау. Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 4-тарауы 1 параграфына сәйкес «Табантал орта мектебі» КММ шағын жинақталған мектеп болып табылады, бірақ біріктірілген сыныптар жоқ

### **2021-2022 оқу жылы**

1-4 кластар аралығында 4 класс комплекті, 5-11 сыныптар аралығында 7 класс комплектісінде барлығы 113 білім алушымен басталды. Біріктірілген сыныптар жоқ

2021-2022 оқу жылында білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе»нің қайта оқытылуы болды. Сонымен бірге мұғалімдердің жүктемесі 18 сағаттан 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды.. Білім беру ұйымдарына қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын таңдау мүмкіндігі артты.

2021-2022 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру болатын.

2021-2022 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы

20 тамыздағы №415 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған.

1-4 кластар үшін оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 1- қосымшасы негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

Вариативтік компонент сағаттары:

2-4 сыныптарда белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға «Сиқырлы әріптер», «Кел шешейік», «Ойнайықта ойлайық» “Занимательная грамматика” “Әдебиет әлемі”, Шебер қолдар”” “Шахмат”, “Сауаттылық әліппесі”, “Өзін өзі тану-әлемді тану”, “Учимся понимать текст” барлығы аптасына 10 сағат оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, пәндік білімдерін тереңдетіп, ақыл-ойын, логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру мақсатында таңдалып алынған.

5-9 сыныптар үшін ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 6 қосымша негізге алынған.

Вариативтік компоненттік бөлімінен жаһандық құзыреттілік курстарына 5 сыныпта «Парасаттылық және әдеп» аптасына 1 сағат, 6 сыныпта «Экология» аптасына 1 сағат, 7 сыныпта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» аптасына 1 сағат, 8 сыныпта «Медиа сауаттылық» аптасына 1 сағат 9 сыныпта «Зайырылық және дінтану негіздері» аптасына 1 сағат таңдалған.

Элективті курстарға 5 сыныпта «Секреты орфографии» аптасына 1 сағат, 6 сыныпта «Қызықты бөлшектер» аптасына 1 сағат, 7 сыныпта «Тарихы тұлғалар» аптасына 1 сағат, 8 сыныпта «Қазақстан энергетикасы бүгін және болашақта», “Biology in English” аптасына 1 сағат, 9 сыныпта «Абайтану», “Фраеологизмы в нашей речи”, “Әлемнің жеті кереметі” аптасына 1 сағат таңдалынған.

10-11 сыныптар үшін ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 119-қосымша (2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген **1-қосымша**) бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағыттары жаңартылған оқу жүктемесімен оқу жоспары жасалынған. 10-11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылған.

Тереңдетілген деңгейден 4 сағаттан 2 пән таңдалынған, стандартты деңгейге дүние жүзі тарих-2 сағат, биология мен география 4сағаттан 2 пән алынып оқытылған.

Инварианттық компоненттен таңдау пәндерінен білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып келесі пәндер оқытылған.

**10 сынып үшін 6 сағат** “ Медициналық генетика” “Есеп шығару жолдары”” Қызықты грамматикама” Физика және өмір” “ Алғашқы әскери дайындық”, «Абайтану»” аптасына 1 сағат,

11 сынып “Физика есептері”, “Елтану”, “ Теңдеу және теңсіздіктерді шешу, “Функциялар және графиктер”, “Тарихи деректер” аптасына 1 сағат,

**Сабақ кестесі:** Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынды.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kyndelik kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

### **2022-2023 оқу жылы**

2022 - 2023 оқу жылында контингент 1-11 сыныпта 11 класс жиынтығында –106

оқушы білім алған. 2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 8-қосымша 1-4 кластар үшін; 13-қосымша 5-9 кластар үшін;

18-қосымша 10-11 кластар үшін төмендетілген оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленген.

1-4 кластар үшін оқу жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 8-қосымшасы негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

Вариативтік компонент сағаттары:

Таңдау бойынша сабақтарға 1-4 сыныптарға «Математика», аптасына 1 сағаттан, оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, пәндік білімдерін тереңдетіп, ақыл-ойын, логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру мақсатында таңдалып алынған.

«Дене шынықтыру: спорттық ойындар (қозғалмалы ойындар) аптасына 1 сағат алынған.

5-9 сыныптарда үшін ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 13-қосымшасы негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

Вариативтік компоненттік бөлімнен жаһандық құзыреттілік курстарына 5-8 сыныптарға аптасына 0,5 сағат: 5 сыныпта “Парасаттылық және этика”, 6 сыныпта “Экологиялық мәдениет”, 7 сыныпта “Тіршілік қауіпсіздігі”, 8 сыныпта Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық” 9 сыныпта “Зайырлық және дінтану”.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер 7-9 кластардың әрқайсысына аптасына 3 сағаттан алгебра, геометрия, биология мен география 2 сағаттан тарих 1 пәндері таңдалынған.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар аптасына 1 сағат алынған.

10-11 сыныптар үшін ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 18-қосымшасы негізінде құрылған. Оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесіндегі апталық, жылдық жүктемелері нақты сақталған. Білім салалары және оқу пәндері талапқа сәйкес өзгеріссіз алынған.

10-11 сынып жаратылыс математика бағытта оқытылған. 10-сыныпта оқытудағы басты ерекшелік білім алушыны нақты мамандануға және оның болашақ кәсіби қажеттіліктері мен таңдауы мүмкін мамандығына сәйкес стандартты және тереңдетілген деңгейлердің оқу пәндерін таңдауға бағытталған. Тереңдетілген деңгейден 3 сағаттан 2 пән география мен биология және стандартты деңгейден 2 сағаттан 1 пән (дүниежүзі тарих) жүргізілген.

10-11 сыныпта аптасына 1 сағаттан «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» (үстел теннисі) курсы бөлінген. Бұл курстың сабақтары сауықтыру процесіне және білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған.

11-сыныпта оқытудағы басты ерекшелік білім алушыны нақты мамандануға және оның болашақ кәсіби қажеттіліктері мен таңдауы мүмкін мамандығына сәйкес стандартты және тереңдетілген деңгейлердің оқу пәндерін таңдауға бағытталған. Тереңдетілген деңгейден (дүниежүзі тарихы-география) және стандартты деңгейден дүниежүзі тарихы пәндері жүргізілген.

Жаһандық құзіреттілік курс есебінен: «Жаһандық құзіреттер», « курсы аптасына 1 сағаттан оқытылған.

Инварианттық компоненттен таңдау пәндері: «География -2 сағат, «Қазақ тілі 1 сағат», «Қазақстан тарихы - 1 сағат», жүргізілген.

Элективті курс “Абайтану”, “Спорттық ойындар” аптасына 1 сағаттан

### **.2023-2024 оқу жылы**

2023 - 2024 оқу жылында «Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ контингент 1-11 сыныпта –92 оқушы, 2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптардың барлығы төмендетілген оқу жүктемесі бойынша білім алады. «Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі » КММ білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құжаттарды негізге ала отырып, оқу жұмыс жоспары жасалған. Мектептің оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен, 2023жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 1-4 сыныптар 6- қосымшасы, 5-9 сыныптар үшін 13 қосымшасы, 10-11 сыныптар үшін 21-қосымшасы бойынша оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жасалған.

### **Оқу жұмыс жоспарының негізгі мақсаты:**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты орындау және жүзеге асыру.

#### Бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары

1-4 сыныптарынд Таңдау бойынша сабақтарға 1-4 кластарға « Математика», аптасына 1 сағаттан, оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, пәндік білімдерін тереңдетіп, ақыл-ойын , логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру мақсатында таңдалып алынған.

«Дене шынықтыру: спорттық ойындар (қозғалмалы ойындар) аптасына 1 сағат алынған.

2 сынып “Көркем жазу” аптасына 1 саған

білім алушылардың математикалық білім, білік, дағдыларын игеру, шығармашылық, логикалық қабілеттерін арттыру, зейін, есте сақтау ізденуге бейімделу мақсатында

## 2. Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары

Негізгі орта білім берудің (5-6 кластар) оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерінің бастапқы білімін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі бейімдеуіне бағытталады. Азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру үшін оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, 5-9 сынып арасында «Жаһандық құзіреттер» курс ұсынылған.

5 сыныпта “Парасаттылық және этика”, 6 сыныпта “Экологиялық мәдениет”, 7 сыныпта “Тіршілік қауіпсіздігі”, 8 сыныпта Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық” 9 сыныпта “Зайырлық және дінтану”.

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында оқу пәндерінің комбинациясын таңдау 7-9 кластардың оқу жоспарының вариативті бөлігін жасауда инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер комбинациясы басшылыққа алынған.:

7 -сыныпта-оқу пәндері “Алгебра” , “География”-1 сағаттан оқытылады

8-сыныпта-оқу пәндері “География”, “Биология”, Дүниежүзі тарихы”-1 сағаттан оқытылады.

9-сыныпта- оқу пәндері «Алгебра», «География», «Дүниежүзі тарихы»-1 сағаттан оқытылады.

5-9 сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» (волейбол, спорттық ойын, футбол, теннис, баскетбол) курс бөлінген. Бұл курстың сабақтары сауықтыру процесіне және білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған. (спорттық және ашық ойындар санын кеңейту есебінен).

3. Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша жеке және топтық сабақтар сағаттары Жалпы орта білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, білім алушылардың кәсіби бейімделуін қамтамасыз етуге, кәсіби бағдар беруге, олардың бойында тұлғааралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. 10-11 сынып білім алушылары жаратылыстану математика бағытын таңдалған. Білім алушылардың таңдауы бойынша және нақты мамандануға, олардың болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақ мамандықтарына байланысты тереңдетілген және стандартты

деңгейлердің оқу пәндерінің оқытылуын жалғастыру мақсатында таңдау бөлімінен келесі пәндер оқытылады:

Тереңдетілген деңгейден 3 сағаттан 2 пән география мен биология және стандартты деңгейден 2 сағаттан 1 пән(дүниежүзі тарих) жүргізілген.

Білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру үшін 10-11-сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курсы ұсынылған.

10-11 сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Дене шынықтыру: спорттық ойындар»( теннис) курсы бөлінген. Бұл курстың сабақтары сауықтыру процесіне және білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған (спорттық және ашық ойындар санын кеңейту есебінен).

Сонымен бірге 10-11 сыныптарда инварианттық компоненттен таңдау пәндерінен 3 сағат алынған.

Инварианттық компоненттен таңдау пәндері 10-11сынып

«География», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы»,

Элективтік курс математика мен спорттық ойындар әрқайсысы аптасына 1 сағаттан жүргізіліп отыр.

**Жалпы қорытынды:** Жалпы 2021-2024жж аралығындағы 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттары электронды «kyndelik kz», журналына салынған. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс қойылған.

**жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру**

2021-2022,2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында 1-11 сыныптардағы оқыту ҚР Білім және ғылым министрінің 2013жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен (өзгерістері мен толықтыруларымен) бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары» сәйкес үлгілік оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылды.

Соңғы 3 оқу жылындағы инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтары үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жасалынып, мектеп директорымен бекітілген.

2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдары инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, электронды форматтағы «kyndelik kz»журналына және салынған.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарын, kundelik.kz журналын тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы талапқа сәйкес орындалған. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

**2021-2022 оқу жылы**

**1-4 сыныптардың** білім алушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытылған.

2021-2022 оқу жылында барлық 1-11 кластарында күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын құруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына енгізілген өзгерістермен және толықтырулары бойынша 2020 жылғы 27

қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізге алынған. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары бойынша барлық пәндердің оқу бағдарламалары негізінде күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалынған.

Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. Kundelik.kz журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген.

**5-9-сыныптарда** оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) негізінде жүзеге асырылған.

**10-11-сыныпта** Күнтізбелік-тақырыптық жоспар «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық) негізінде оқытылған.

#### **2022 -2023 оқу жылы**

2022-2023 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

**2023-2024 оқу жылында** «*kyndelik kz*» электронды журналын қолданысқа енгізген. Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары толтырылуы тексерілді. Сабақ кестесімен сәйкес келеді.

#### **Жалпы қорытынды:**

Оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар электронды форматтағы «*kyndelik kz*» журналдарға енгізілген. Оқу бағдарламалары жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

*білім алушыларың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтардысініруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;*

**4)білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);**

Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебінің тәрбие ісі жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне» басшылыққа алынып жасалған. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдылықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

«Туған жер» бағдарламасы өз еліне, өз ауылына, өз қаласына деген махаббаты, жалпы ұлттық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған.

Аталған бағдарлама «Рухани жаңғыру» жалпы сана – сезімін қалыптастыру бағдарламасының ең негізгі элементі болып табылады.

Жалпы, «Туған жер» бағдарламасы тек ауыл-аймақты дамыту меншектеліп қалмайтын жоба екенін түсінуіміз

керек. Бағдарламаның ауқымы әлдеқайда кең және мақсаты да ұлттың рухани құндылықтарын дамытуға бағытталған.

Ең алдымен бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

**2021-2022 оқу жылына** арналған Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі бойынша тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары жинақталып, папкіге салынды. Олар:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

#### ***Тәрбие жұмысының мақсаты:***

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруға ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымды қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін – өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау;
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана- сезімін жаңартуға аса мән береді.

#### ***Тәрбие жұмысының міндеттері:***

➤ Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

➤ Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

➤ Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

➤ Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

➤ Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

➤ Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

➤ Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

➤ Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды. Атап айтатын болсақ:

- ❖ Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- ❖ Рухани-танымдық тәрбие.
- ❖ Ұлттық тәрбие.
- ❖ Отбасылық тәрбие.
- ❖ Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- ❖ Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- ❖ Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- ❖ Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Осы аталған бағыттар бойынша іс – шаралар жоспары құрылды, құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылып отыр. Алғашқы қоңырауға арналған «Кел, баллар, оқылық!» салтанатты жиыны 1 – сынып үшін ұйымдастырылды және «Әліппе» оқулығы салтанатты түрде табысталды. Ал 2-11 сыныптарда ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар мектебімізде жобалар іске асырылуда. Білім алушылардың өзін – өзі басқаруы және оқуға құштар мектеп. Осы жобалар бойынша жоспарлары құрылып, шаралар өткізіліп, жалғасын табуда.

Жоспар бойынша келесі бөлімдер қамтылды:

Мектеп жұмысы тәрбие жұмысының орталығы ретінде: жалпы іс-шаралар;

1. «Жасұлан мен жасөспірімдер» ұйымы, үйірме жұмыстары;
2. Мектептен тыс ұйымдармен жұмыс;
3. Ата-аналармен жұмыс;
4. Сынып жетекшілердің жұмысы;
5. Психологпен жұмыс;
6. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс.
7. Мектепішілік басқару мен бақылау

**2022-2023 оқу жылына** арналған Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі бойынша тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары жинақталып, папкіге салынды. Олар:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;



- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы;
- 5) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345;
- 6) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214- IV;
- 7) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 8) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 9) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 10) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 11) ҚР БҒМ 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- 12) «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы)
- 13) «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы)

#### ***Тәрбие жұмысының мақсаты:***

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамыту, оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтауы, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау.

#### ***Тәрбие жұмысының міндеттері:***

1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.

2) оқушылардың оқу іс-әрекетіне тұрақты ынтасын дамыту, білім беру мен өз бетінше білім алудың өмір мен қызмет үшін маңыздылығын ұғыну.

3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту.

отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу; қазақ және басқа да этностар мен Қазақстанның этностық топтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру.

4) елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.

5) тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.

6) тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.

7) әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-ана бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау.

8) балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру.

9) балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру.

10) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

11) Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу және

жасөспірімдер арасындағы нашарлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеу, «қатер» тобындағы балаларды мектеп өміріне, сыныпқа, үйірмелер, секциялар сабақтарына барынша тарту.

12) Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кеңінен қолдану.

**2022-2023 оқу жылына** арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды. Атап айтатын болсақ:

- ❖ Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- ❖ Рухани-адамгершілік тәрбие.
- ❖ Ұлттық тәрбие.
- ❖ Отбасылық тәрбие.
- ❖ Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- ❖ Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- ❖ Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- ❖ Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Осы аталған бағыттар бойынша іс – шаралар жоспары құрылды, құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылып отыр. Алғашқы қоңырауға арналған «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық» тақырыбында салтанатты жиын 1 – сынып үшін ұйымдастырылды және «Әліппе» оқулығы салтанатты түрде табысталды. Ал 2-11 сыныптарға «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар мектебімізде жобалар іске асырылуда. Білім алушылардың өзін – өзі басқаруы және оқуға құштар мектеп. Осы жобалар бойынша жоспарлары құрылып, шаралар өткізіліп, жалғасын табуда.

**5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі:**

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдықтарын, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуын, патриотизм еңбексүйгіштікке, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруда тәрбие жұмысының басым 4 бағыт арқылы жүзеге асты. Осы бағыт ішінде адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстар, жарыстарға, фестивальдар мен байқаулар жүргізілді. Аталған бағыттардың мақсаттыран тоқталып өтсем,

**1- БАҒЫТЫ: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалармен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

**3-БАҒЫТЫ: Ұлттық тәрбие**

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

**7-БАҒЫТЫ: Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие**

Мақсаты: Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру

**8-БАҒЫТЫ: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.**

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

**2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысының ерекшеліктері:** Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.

Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тәрбиелеу ісі:

- оқу пәндерінің мазмұны;
- сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар;
- сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер және т.б.) арқылы жүзеге асырылады.

1. Оқу пәндері шеңберінде:

- сабақ тақырыбының тәрбиелік мәнін ескеру және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
- бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлау мен өткізуде ортақ тақырыптардың әлеуетін ескеру;
- орта және жоғары сыныптарда пән апталықтарын жоспарлау мен өткізуде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға назар аудару қажет.

Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Мысалы, Қазақстан тарихын оқытуда еліміздің ұлттық мұрасы мен мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу немесе әдебиетті оқыту барысында шығармаларды талдау арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға басымдық беру, географияны оқыту барысында табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдану еліміздің тұрақты дамуы үшін маңызды екендігін дәріптеу ұсынылады.

Педагогтер сабақ мақсатының пәндік мазмұнын ғана емес, сол оқу мақсаты шеңберіндегі қазақстандық және/немесе тәрбиелік компоненттерді ескеруі маңызды.

2. Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде:

- әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарытуға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады;
- құндылықтар тәрбие жұмысының нәтижесі ретінде білім алушылардың мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттері арқылы көрініс табуы үшін сынып сағаттарын сындарлы тәсілдеме негізінде ұйымдастырып, интербелсенді формада өткізу ұсынылады;
- сынып сағаттарын мектептің педагог-психологімен бірлесіп өткізу ұсынылады (педагог-психологпен бірлескен сынып сағатының санын, өткізу жиілігін білім беру ұйымдары дербес анықтайды).

Білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда келесі тақырыптар бойынша сынып сағаттарын өткізу ұсынылады:

«Ар-ұят және жауапкершілік»

«Біздің қоғамдағы әділеттілік»

«Іс-әрекеттегі мейірімділік»

«Мейірімділік құндылығы»

«Күнделікті өмірдегі адалдық»

«Этикалық құндылықтарды дамыту»

«Отаншылдық және оның мәні»

«Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік»

«Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»

«Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»

«Қоғам игілігіне қызмет ету»

«Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»

«Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»

«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»

«Құқықтық мәдениет және оның маңызы»

«Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» және басқалар.

Сынып жетекшілері ұсынылған сынып сағаттарының тақырыбын таңдауда және сынып сағаттарының

мазмұнын әзірлеуде білім алушылардың жас ерекшелігін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін және өңірдің сұранысын ескеруі қажет.

3. Сыныптан тыс іс-әрекеттер шеңберінде:

– бірлескен жобаларды немесе әлеуметтік тәжірибелерді («Қайырымдылық», «Қарияға қол ұшын соз» және т.б. акциялар) іске асыру;

– қосымша білім алуға жағдай жасау;

– тәрбие жұмысын күшейтуге мүдделі мемлекеттік органдарды тарту (кездесулер, бірлескен іс-шаралар, акциялар, жарыстар, жобалар конкурстары, кәсіптік бағдарлау кездесулері, профилактикалық әңгімелер және т. б.)

– танымал, атақты тұлғаларға, оның ішінде мектепке аты берілген тұлғалар туралы тереңірек білуіне бағытталған іс-шараларды өткізу;

– білім беру ұйымы орналасқан өлкенің танымал тұлғаларымен, еңбек ардагерлерімен және мектепті бітіріп, табысты еңбек етіп жүрген тұлғалармен кездесу ұйымдастыру ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастыруда білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және олардың жас, жеке, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып іс-шаралардың мазмұнын білім беру ұйымының басшыларымен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, педагог-психолог мамандармен алдын ала келісу ұсынылады.

Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ету үшін сыныптан тыс жұмыстар аясында бірлескен жобаларды ұйымдастыра алады. Жобалар ғылыми зерттеулерді, мәдени және тарихи ескерткіштерді зерделеуді көздеуі мүмкін немесе әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталуы мүмкін. Мұндай жобалардың мақсаты – білім алушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдануға үйрету, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамыту, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Бірлескен жобалар білім алушылардың сыни ойлауын, эмпатияны және қоғамдағы өзара әрекеттесу үшін маңызды әлеуметтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобалардың көптеген түрлері бар. Мысалы, «Таза аула», «Жасыл мектеп», «Эковолонтерлер», «Экологиялық мониторинг», «Экологиялық туризм», «Үнемді тұтыну», «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла», «Мектептегі энергияны үнемдеу», «Судың да сұрауы бар», т.б. Білім алушылардың құқықтық мәдениетін дамытуға бағытталған жобалар практикалық жұмыстардан бастап ғылыми-зерттеу жобаларына дейінгі іс-шаралардың кең ауқымын қамтуы мүмкін. Олар: «Менің елім және менің құқығым», «Құқық-квест», «Заңға қосқан үлесім», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Заң мамандықтары». Бұл жобалардың барлығы білім алушыларға өздерінің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ еліміздің құқықтық жүйесінің 35 жұмысын түсінуге ықпал етеді.

Еңбекқорлыққа тәрбиелеу үшін келесі жобалар ұсынылады: «Қолөнер шеберханасы», «Еңбегі адал жас өрен», «Өзің жасап көр», «Аспаздық жоба» және т.б.

Ар-ұят, намыс, адалдық, жауапкершілік сияқты құндылықтарды жетілдіру үшін мынадай тақырыптағы жобалар ұсынылады: «Бейбіт күннің қаһармандары», «Өнер мен құндылықтар», «Тарихқа құрмет», «Менің отбасымның өмірлік жолы», «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» және т.б.

Салауатты өмір салтының маңыздылығын түсінуі және денсаулықты нығайтатын әдеттерге дағдылануы үшін келесі жобалар тақырыптары ұсынылады: «Күнделікті пайдалы тағам», «Зиянды әдеттен аулақ бол», «Спорт және мен», «Қауіпсіздік және алғашқы көмек», «Психологиялық әл-ауқат және күйзеліске төзімділік», «Ұйқы және оның денсаулыққа әсері», «Экранға тәуелділік: жаман әдет», «Цифрлық гигиена» және т.б.

### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

### **Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар**

#### ***Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі***

##### ***Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:***

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

#### **Ұсынылады:**

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

#### ***6-10 жастағы бала тәрбиесі***

##### ***Ұсынылады:***

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдеби мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату») өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан,

Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

**Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15жас)**

**Ұсынылады:**

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;

- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

**Жастар тәрбиесі (15-18 жас)**

**Ұсынылады:**

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;

- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

**Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:**

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары

мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, **#Біртұтас\_тәрбие** хештегін тегтеу  
Мектебімізде 2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысы **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** негізінде мақсат, міндеттерін айқындай отыра, құндылықтарға бағыттталып, жас ерекшеліктері ескеріле отырып құрылып, 2023 жылдың 19 қыркүйек күнімен бекітілді.

Жоспар аясындағы атқарылып жатқан іс-шаралар **#Біртұтас\_тәрбие** хештегімен әлеуметтік желілерге жариялануда.

[https://www.instagram.com/eltayskaya\\_sh?igsh=aTc3aGRoOG9vbGF5&utm\\_source=qr](https://www.instagram.com/eltayskaya_sh?igsh=aTc3aGRoOG9vbGF5&utm_source=qr)

*Оқушылардың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге, суицидтің алдын алуға арналған іс-шаралар*

*Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебінде «Өмір – қымбатсың маған» тақырыбында психологиялық тренинг өтті. Мақсаты: «Өмір», «Бақыт» ұғымдарына ұғымдарына тереңірек үңілуге ықпал жасау. Өзінде бар құндылықтарды бағалай білуге үйрету және өмірге деген құштарлықтарын арттыру.*

*Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебіне полиция майоры Дятлов А.В. қатысуымен құқықбұзушылықтың және келеңсіз оқиғалардың алдын алу, балаларды әлеуметтік желі беттеріндегі әр түрлі діни ағымдар мен келеңсіздікке апаратын әр түрлі ойындардан аулақ болуын қамтамасыз ету мақсатында оқушылармен ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жолда жүру ережелері, Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, түнгі рейд, келеңсіз оқиғалардың алдын алу жұмыстары туралы айтылды.*

*8-11 сынып оқушылары арасында оқушыларды зиянды заттардан аулақ болуға баулу және спортпен шұғылданып, салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру мақсатында «Ұрпақ саулығы – ұлт саулығы» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.*

*9-11 сынып оқушылары арасында мектеп психологі «Вейн – денсаулыққа өте қауіпті» тақырыбында баяндама оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: жасөспірімдер арасында бір реттік «вейн» эпидемиясын алдын алу, оның денсаулыққа зияны туралы түсіндірді.*

*Мектеп психологі балаларды ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеу, өмірді сүюге, бағалай білуге кеңестер беру және өзекті мәселелерді талдау кезінде өз ойларын ашық, батыл, еркін жеткізе білу мақсатында «Жүрек жылуын балама арнаймын» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.*

*Келеңсіз оқиғалар мен жад қылықтандың алдын алу, өмір сүру құштарлықтарын арттыру мақсатында жоғары сынып оқушыларына «Өмір – бақыт, бәрі өз қолыңда» тақырыбында психологиялық тренинг*



ұйымдастырылды.

8-11 сынып қыз балаларымен «Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында мектеп мейірбикесімен кездесу ұйымдас­тырылды. Кездесу барысында сауалнамалар алынып, ерте жүктіліктің зияны мен салдары түсіндіріліп, қыз балаларға бей­мезгіл уақытта жүрмеу керектігі, ішімдік ішкен, бөгде адамдардан сақтану керектігі туралы ескертілді.

Мектеп медбикесі Шакирова А.Б. 8-сынып оқушыларына салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды заттардың алдын алу мақсатында шылым шегудің зияны мен адам өміріне тигізер зардабы туралы түсінік жұмыстарын жүргізіп, жаднамалар таратты.

Ата-аналармен «Құқықтық мәдениет – бала қауіпсіздігінің кепілі» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: ата-аналарға балалар өмірінің қауіпсіздігі ең басты мәселе екенін түсіндіре отырып, құқықтық білімдерін жетілдіру.

«2022-Балалар жылы» жоспарына орай 16 мамыр күні ауылдық полиция капитаны мектептегі 8-11 сынып оқушыларына жазғы демалыс кезеңінің басталуына байланысты жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында кәмелетке толмаған балалардың бос уақытын және жүріп-тұратын жерлерін мұқият бақылау қажеттігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың бей мезгіл уақытта көшеде жүрмеуін қадағалау және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында үнемі түнгі рейд жұмыстары жүргізіліп отыр және т.б. жоспарланған іс-шаралар өз жалғасын табауда.

Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі бойынша мектепшілік, ПБ, наркологиялық бекетте, «қауіпті топта», сәтсіз отбасында есепте тұрған оқушы жоқ.

Есепке алу түрлері	2021-2022	2022-2023	2023-2024
	Есепке алынды	Есепке алынды	Есепке алынды
Мектепшілік бақылау	-	-	-
ПБ есепте	-	-	-
Нарколог есебінде	-	-	-
“Қауіпті топ”	-	-	-
Сәтсіз отбасы	-	-	-
Дін жолында жүрген	-	-	-
Суицид фактілері	-	-	-

«Никольск №1 ЖОББМ» КММ 2022-2023 оқу жылында мектеп парламенті өз жұмысын бастады. Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының басшысы ретінде сайлау нәтижесінде 8-сынып оқушысы Жиенбек Салтанатқа жүктелді. Мектеп парламенті өзін-өзі басқару органының мүшелері, іс-шаралар жоспары құрылып, мектеп директоры Аймихан М. бекітті. Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының құрамында 6-11 сынып оқушылары жалпы алғанда 47 оқушы бар. Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының жобалық қызметінің бағыттары бойынша әр комитет іс-шараларды уақытылы өткізді.

Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының «Қамқорлық» фракциясының ұйымдастыруымен әлеуметтік жағынан көмек қажет ететін отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында «Мектепке жол» акциясы өткізілді. Балаларға мектеп сөмкесі мен оқу құралдары берілді. Демеушілік көрсеткен «Самұрық» қазына бірлестігі мен мектеп ұжымы.

«Спорт және СӨС» фракциясының ұйымдастыруымен 13 қыркүйек “Денсаулық күніне” орай мектебімізде мұғалімдер мен оқушылар арасында «Шынықсаң шымыр боласың» тақырында спорттық

ойындар өткізілді.

«Ақпарат» фракциясының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында Абайдың жүрегі «Қазағым, халқым деп соқты» тақырыбында әдеби кеш өткізілді.

«Дебат» клубының ұйымдастырылуымен

*(2023-2024 оқу жылы жағдай бойынша)*

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)	Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)	Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
“Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі”КММ Советская көшесі 5А	Асхана 60,1 кв/м	санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды №83 21.12.2023ж	

#### **6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор**

**Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы туралы мәліметтер;** Кітапхана туралы: Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер берілген. Кітап қоры-10074 дана, оның ішінде оқу пәні бойынша кітап саны-6616, оның ішінде жаңа буын-35, оқу әдістемелік-34, көркем әдебиет саны-3358 электронды оқулықтар-31 дана, болып қамтамасыз етілген. 2023-2024 оқу жылында барлық кластарда оқулықтар жеткілікті. Мектепте 1 кітапханашы жұмыс жасайды. Мухамедқали Дамира Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін 2006 жылы «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын бітірген. Еңбек өтілі - 11 жыл.

**Компьютерлік сыныптармен, (шағын жинақталған мектептерді қоспағанда) интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы туралы мәліметтер** 2023-2024 оқу жылында “Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі” КММ-сінде қазіргі таңда бір 1 информатика кабинеті жұмыс жасайды. 2 зертхана кабинеті жабдықталған. Информатика кабинеті 16 оқушыға арналған компьютерлік орынмен қамтамасыз етілген. Барлығы жұмыс жасап тұр. Барлық компьютерлер интернет желісіне қосылған. Интернет желісінің жылдамдығы **10 Мбит/с**. Сонымен қатар 16 ноутбукпен жабдықталған. 2023-2024 оқу жылында мұғалімдер мен білім алушыларға арналған 16 zik маркалы ноутбуктері пайдалануға берілген. 2023-2024 оқу жылында 17 компьютер, 25 ноутбук, 1 интерактивтік тақта, 1 панель тақтасы, 10 проектор оқу-тәрбие процесінде пайдаланып отыр. Жұмыс жасамайтын, жөндеуге жататын компьютерлер жоқ. Барлық компьютер мен ноутбуктарда бағдарламалық кешен бірге орнатылып келді.

#### **Қорытынды:**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі» негізінде біліктілік талаптары сақталған.

#### **7. Білім алушылардың білімін бағалау**

**Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:**

**ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері);**

“Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі”КММ 0-11 класс оқушыларының жеке пәндер бойынша дайындық деңгейі электрондық форматтағы

«Kundelik.kz»-те сынып журналы арқылы бақыланды.

Электронды «Kundelik» журналында алынған мәліметтер бойынша тақырыптарды толтыру 100%, жоспарлауды жүргізу 100%, журналды жүргізу 99,82%, журналды уақытылы жүргізу 97,24% толтырылған

“Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі”КММ оқушыларының үлгеріміне ағымдық бақылаудың, қорытынды аттестаттауын ұйымдастыруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен (өзгерістері мен толықтыруларымен) бекітілген

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» негізінде жүргізілген.

*Мектепте қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушылар кестесі.*

Оқу жылы	9 сынып	11 сынып
2021-2022 о.ж	5	14
2022-2023 о.ж	12	12

**2021-2022 оқу жылында** білім алушыларды қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (өзгерісі 12.05.2022 №193) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларының 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша жүргізілген.

Емтихан нәтижелеріне қарай пәндер бойынша төмендегідей сапа көрсеткіш көрсеткен

**2021-2022 оқу жылындағы** мемлекеттік емтихан қорытындысы:

9,11-сыныптарда жыл соңында қорытынды аттестаттау жүргізіліп отырды.

Оқу Жылы	Сыныбы	Оқушы саны	күні	Пәні	«5»	«4»	«3»	«2»	%
<b>2021-2022</b>	9	5	28.05.2022	Қазақ тілі	2	2	1	-	80%
		5	31.05.2022	Математика	2	2	1	-	80%
		5	03.06.2022	Орыс тілі	2	2	1	-	80%
		5	06.06.2022	Қазақстан тарихы	2	2	1	-	80%
	11	14	27.05.2022	Алгебра және АБ	3	4	7	-	50%
		14	30.05.2022	Қазақ тілі әдебиеті	3	6	5	-	64%
		14	02.06.2022	Қазақстан тарихы	5	6	3	-	78%
		14	07.06.2022	Орыс тілі	5	5	4	-	71%
		14	10.06.2022	Биология	5	3	6	-	57%

**2022-2023 оқу жылында** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларының 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша жүргізілген.

Барлық емтихандар мектеп директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша өтілген.9 –сыныптар 4 пәннен, 11 сыныптар 5 пәннен емтихан тапсырған.

**2022-2023 оқу жылындағы** мемлекеттік емтихан қорытындысы:

9,11-сыныптарда жыл соңында қорытынды аттестаттау жүргізіліп отырды.

Оқу Жылы	Сыныбы	Оқушы саны	күні	Пәні	«5»	«4»	«3»	«2»	%
----------	--------	------------	------	------	-----	-----	-----	-----	---



2022-2023	9	12	02.06.2023	Қазақ тілі	2	9	1	-	92%
		12	06.06.2023	Математика	2	5	5	-	58%
		12	09.06.2023	Орыс тілі мен әдебиеті	3	7	2	-	83%
		12	13.06.2023	Қазақстан тарихы	2	10	0	-	100%
	11	12	05.06.2023	Қазақ тілі, әдебиеті	4	6	2	-	83%
		12	08.06.2023	Алгебра және АБ	4	5	3	-	75%
		12	12.06.2023	Қазақстан тарихы	6	4	2	-	83%
		12	15.06.2023	Орыс тілі	8	3	1	-	92%
		12	19.06.2023	География	5	6	1	-	92%

**Қорытынды:** Барлық пәндер бойынша - 42 пайыздан жоғары білім сапасын көрсетіп отыр. Қорытынды аттестаттаудың хаттамалары тігіліп, жинақталған.

*білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау*

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында формативтік және жиынтық бағалау толық жүргізілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығы (өзгерістері мен толықтыруларымен) «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» басшылыққа алынған. Сынып журналдарындағы бағалау kundelik.kz ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылған. 2-11-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. Сонымен қатар, білім алушылардың тоқсандық және жылдық қорытынды бағалары шығарылғандығы анықталды. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген. Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. Білім алушылар орындаған жұмыстарда педагогтің пікірлері ішінара жазылған. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер атқарған. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізіліп отырған. Әр тоқсан сайын мектеп директорымен бекітілген бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау өткізу кестесі жасалған. Жиынтық бағалау кестесі пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспармен сәйкес келетіндігі анықталды. Бөлім бойынша жиынтық бағалау 2-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11- сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болған, аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәннен тоқсанына екі реттен артық емес, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған, өзге апталық жүктемесі бар пәннен тоқсанына үш реттен артық өткізілмеген. Бөлім бойынша жиынтық өткізілмейтін пәндерге «есептелінді» белгісі жазылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін

бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

2023-2024 ағымдағы оқу жылында «kyndelik kz» электронды журналына көшті.1-тоқсан бойынша білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау,сонымен қатар бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау жүргізілген.

**Қорытынды:** 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында формативтік және жиынтық бағалау толық жүргізілген. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқыту барысында кейбір пәндерден қалыптастырушы бағалау қоры аз. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

*ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау(дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуді түзету);*

2021-2022, 2022 – 2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар 4білім алушы болды. (анықтама қоса жалғанады)

*4,9-сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.*

2023-2024 оқу жылының қазан айының -17 күндері 4,9 сынып оқушыларынан онлайн режимінде тестілеу жүргізілді. Қатысқан оқушылар саны: 4 с ы н ы п т а -11; 9 сыныпта-11

4 сынып оқушылары қазақ тілі мен математикадан тапсырды. Екі пәннен барлық сұрақтар саны 30. «2» алған оқушы жоқ, оң баға-100% . 9 сынып оқушылары міндетті екі пән қазақ тілі мен математика, таңдау пәндері қазақ г е о г р а ф и я мен д ү н и е ж і з і т а р и х ы тапсырды. Нәтижесінде 9 сынып оқушылары 63,6% «оң баға», 36,4 % «теріс баға» көрсетіп отыр. **Қосымша -12:** Жүргізілген тест нәтижесі берілген кесте бойынша анықтамаға қоса жалғанады.

#### **Бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері**

№	Сыныбы	Тізім бойынша журналдағы оқушылар саны	Нақты қатысқан оқушылар саны	Бағалар саны "5"	Бағалар саны "4"	Бағалар саны "3"	Бағалар саны "2"	Орташа балл	Оң бағалар %
1	4сынып	11	11	2	5	4	0	19	100%
2	9сынып	11	11	0	4	6	1	33	90%

**Білім беру ұйымында бітіруші сыныптардың тестілеу нәтижелері төмендегідей: 4-класс «өте жақсы», 9-класс «жақсы».**

#### **8.Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респондентердің сауалнамасы**

**Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау**

**2023-2024 оқу жылының наурыз айының 31 күні** ата-аналармен сауалнама онлайн режимінде жүргізілді. Білім беру ұйымында ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасын жүргізу үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне 31.03.2024 ж күні өтінішхат жіберілді. Сауалнама нәтижесі бойынша білім алушылардың 93,9% ,білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған,

**4-9 сынып оқушыларымен жүргізілген сауалнама қорытындысы**

№	Сұрақтар	Қатысқан педагогтар саны	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Мен өз мектебімде оқуға қызығамын	22	<b>50%</b>	<b>40%</b>	10%	0%
			<b>90%</b>			
2	Менің сүйікті заттарым бар (егер солай болса, қайсысы)	22	<b>41%</b>	<b>59%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
3	Менің сүйікті мұғалімдерім бар	22	<b>27%</b>	<b>64%</b>	9%	0%
			<b>91%</b>			
4	Біздің мектеп мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады	22	<b>23%</b>	<b>73%</b>	4%	0%
			<b>96%</b>			
5	Сабақта Мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын	22	<b>27%</b>	<b>68 %</b>	5 %	0%
			<b>95%</b>			
6	Сабақта мұғалім менің мінез-кұлқымды емес, менің білімімді бағалайды	22	<b>4%</b>	<b>91 %</b>	<b>4 %</b>	0%
			<b>95%</b>			
7	Мен мектепте жиі Шаршаймын	22	<b>5%</b>	<b>41%</b>	<b>36 %</b>	18 %
			<b>46%</b>			
8	Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп	22	<b>4%</b>	<b>64%</b>	32%	0%
			<b>68%</b>			
9	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы	22	<b>14%</b>	<b>82%</b>	4%	0%
			<b>96%</b>			
10	Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын	22	<b>18%</b>	<b>50%</b>	32%	0%
			<b>68%</b>			
11	Мен өз құқығымды білемін	22	<b>27%</b>	<b>59%</b>	14%	0%
			<b>86%</b>			

12	Мен келесі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барамын	22	14%	45%	41%	0%	
			59%				
13	Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар	22	18%	64%	14%	4%	
			82%				
14	Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады	22	9%	82%	9%	0%	
			91%				
15	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын	22	27%	59%	14%	0%	
			86%				
16	Сізге не ұнамайды және нені түзеткіңіз келеді? (Бірнеше жауап нұсқаларын көрсетуге болады, сабақтар қызықсыз, мұғалімдердің әділетсіздігі, балалар арасында қорқыту, көптеген үй тапсырмасы, мектептердің материалдық жағдайы және т. б.)	22	14%	9%	9%	32%	36%
			100%				

**Мектепке дейінгі ұйымдардың ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы**

№	Сұрақтар	Қатысқан педагогтар саны	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	9	67%	22%	0%	11%
			89%			
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	9	67%	33%	0%	0%
			100%			
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	9	78%	22%	0%	0%
			100%			
4	Сіз мектепке	9	78%	22%	0%	0%

	дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз		<b>100%</b>			
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	9	<b>56%</b>	<b>44 %</b>	0 %	0%
			<b>100%</b>			
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	9	<b>78%</b>	<b>22%</b>	<b>0%</b>	0%
			<b>100%</b>			
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	9	<b>78%</b>	<b>22%</b>	<b>0%</b>	0 %
			<b>100%</b>			
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	9	<b>62%</b>	<b>25%</b>	13%	0%
			<b>87%</b>			
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	9	<b>78%</b>	<b>22%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.	9	<b>67%</b>	<b>33%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	9	<b>78%</b>	<b>22%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	9	<b>44%</b>	<b>56%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
13	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның	9	<b>75%</b>	<b>22%</b>	3%	0%
			<b>97%</b>			

<p>жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.</p>	
---	--

### Педагогтармен жүргізілген сауалнама

№	Сұрақтар	Қатысқан педагогтар саны	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	22	<b>51.7%</b>	<b>48.3%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	22	<b>59%</b>	<b>41%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын	22	<b>68%</b>	<b>32%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
4	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	22	<b>73%</b>	<b>27%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
5	Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді	22	<b>59%</b>	<b>41%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
6	Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын	22	<b>27%</b>	<b>59%</b>	<b>9%</b>	5%
			<b>86%</b>			
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	22	<b>36%</b>	<b>59%</b>	<b>5%</b>	0%
			<b>95%</b>			
8	Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	22	<b>41%</b>	<b>55%</b>	4%	0%
			<b>96%</b>			
9	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	22	<b>55%</b>	<b>45%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды	22	<b>32%</b>	<b>64%</b>	4%	0%
			<b>96%</b>			

11	Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған	22	<b>41%</b>	<b>50%</b>	9%	0%
			<b>91%</b>			
12	Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	22	<b>45%</b>	<b>55%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
13	Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады	22	<b>64%</b>	<b>36%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	22	<b>77%</b>	<b>23%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
15	Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын ба?	22	<b>41%</b>	<b>59%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			
16	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз.	22	<b>41%</b>	<b>59%</b>	0%	0%
			<b>100%</b>			

#### 4-9 сынып ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақтар	Қатысқан педагогтар саны	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Менің балам мектепке қуана барады	20	<b>40%</b>	<b>55%</b>	5%	0%
			<b>95%</b>			
2	Сыныпта қолайлы атмосфера бар	20	<b>40%</b>	<b>55%</b>	5%	0%
			<b>95%</b>			
3	Мектеп сапалы білім береді	20	<b>40%</b>	<b>45%</b>	15%	0%
			<b>85%</b>			
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі	20	<b>35%</b>	<b>60%</b>	5%	0%
			<b>95%</b>			
5	Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін	20	<b>30%</b>	<b>65%</b>	5%	0%
			<b>95%</b>			

	әділ бағалайды					
6	Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді	20	15%	75 %	10%	0%
			90%			
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды	20	15%	75%	10%	0 %
			90%			
8	Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын	20	15%	80%	5%	0%
			95%			
9	Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын	20	15%	75%	10%	0%
			90%			
10	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын	20	55%	40%	5%	0%
			95%			
11	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі	20	30%	55%	15%	0%
			85%			
12	Мен мектеп асханасы\буфет жұмысымен қанағаттанамын	20	30%	55%	15%	0%
			85%			
13	Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды	20	20%	75%	5%	0%
			95%			
14	Менің балам	20	25%	70%	0%	5%



	мектепте Қауіпсіз		<b>95%</b>			
15	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды	20	<b>20%</b>	<b>65%</b>	15%	0%
			<b>85%</b>			
16	Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын	20	<b>15%</b>	<b>80%</b>	5%	0
			<b>95%</b>			
17	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар	20	<b>25%</b>	<b>65%</b>	10%	0%
			<b>90%</b>			

Қосымша -12: Жүргізілген сауалнама нәтижесі берілген кесте бойынша анықтамаға қоса жалғанады.

### **2. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары**

“Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі” КММ-нің оқыту тәрбиелеу процесін зерделеу барысында келесідей кемшіліктер мен ескертулер жасалды:

1. Жаңа модификациядағы кабинеттердің аздығы.

*Шешу Жолы:*

Бұланды ауданының білім бөліміне уақтылы сұраныс жіберіп немесе демеушілер тартып әдістемелік базаны толықтыруға жұмыстану.

2. Мектепке ұйымның жабдықтар мен жиһаздармен қамтамасыз етілуі

**«қанағаттанарлық деңгейде».**

*Шешу жолы:*

- Мекеме жабдықтары мен жиһаздарының тозуы туралы анықтама дайындап, жоғары тұрған бағынысты мекемелерге тиісті қаражат мөлшерімен сұраныс жіберу

## 10. Қорытынды мен ұсыныстар

Одістемелік ұсыныстар:

1. Пән мұғалімдерінің білім алушыларды түрлі білім саласындағы жарыстар мен конкурстарға қатыстыруда ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы «7» желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген байқау тілімдерін басшылыққа алу;
  2. Пән мұғалімдерінің кейбір пәндерден оқушылар жетістігін зерделей отырып, үлгерімі төмен оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу;
  3. Оқушылардың ғылыми жобалар қорғау жарыстарына қатысуын облыстық, республикалық, халықаралық деңгейге жеткізуді қамтамасыз ету;
  4. Ұлттық құндылықтар мен отбасы құндылықтары негізінде мектеп, отбасы және қоғам арасында үйлесімділік қарым-қатынасты жетілдіру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру;
  5. Мектептің оқу-материалдық базасын нығайту пәндік оқу кабинеттерді қайта жабдықтау, кабинеттерді заман талабына сай жабдықтау, дидактикалық материалдардың қорын жыл-жылмен толықтырып отыруды бақылауға алу;
  6. Мектеп шеберханасына оқушыларға арналған жеке жұмыс жасауға қажетті жағдайларды толықтыру;
  7. Пән мұғалімдерінің білім сапасын арттырудың жаңа инновациялық технологияларын сабақ жүргізу үрдісіне енгізіп, кәсіби жетілуіне көңіл болу;
- ҚОРЫТЫНДЫ:** «Ақмола облысының білім басқармасының Бұлацды ауданы бойынша білім бөлімі Никольск ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:



Аймихан М.

Қарағұлов К.К.

Қостанова А.М.

Тойтыбай Ж.

Таутиев Н.А.

**«Никольск аулының №1 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ-нің мектепалды даярлық сыныбындағы тәрбиелеумен оқытудың қорытынды анықтамасы.**

**“29 наурыз” 2024жыл.**

«Никольска ауылының №1ЖОББ»КММ ҚР«Білімтуралы»Заңы30бабына сәйкес мектепалды даярлық 5 жастан бастап мектепалды даярлық сыныптарында жүзеге асырылады.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024оқу жылдары мектеп алды даярлық сыныптармен шағын орталықтағы қамтылған балалар санын төмендегі кестеден көруге болады.

	2021-2022 оқужылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқужылы
Мектеп алды даярлық сыныбы	8	9	9

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы

**2. Кадрлық құрамға талдау**

***Туістібейін бойынша жоғары(жоғарыоқуорнынанкейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер***

1. 2021-2022, 2022-2023,2023-2024оқу жылдары мектепалды даярлық сыныбында барлығы 1 педагог жұмыс жасайды.2021-2022 оқужылы педагог кадрлар саны – 1 тәрбиеші болды, олМадиярова Умутжан Жаксылыковна.

2022-2023 оқу жылыпедагог кадрлар саны – 1 болды. Ол тәрбиеші- Мадиярова Умутжан Жаксылыковна.Педагогтың диплом бойынша «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы атқарып жүрген қызметтеріне сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылыпедагог кадр саны – 1 тәрбиеші болды, ол Мадиярова У.Ж.

№	Педагогтардың аты–жөні	Білімі,оқуорны, аяқтаған жылы	Дипломбойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Санаты
1	Мадиярова Умутжан Жаксылыковна	Щучинск ПедколледжМТ- I№107181 . 1988ж	«Мектепкедейінгі тәрбие және оқыту»	16	Педагог – сарапшы 25.12.2020 ж№1008

«Никольск аулының№1ЖОББ »КММ -1988 оқужылында ашылды.Ашылған жылы «Никольск аулының№1ЖОББ »КММ мектепте 1педагог болды.Ол:Жолданова Ш.Б, білімі жоғары.Өндірістік қажеттілікке байланысты тәрбиеші қызметін атқарған. 2022-2023 оқу жылында 1тәрбиеші жұмыс жасады. Ол: Мадиярова У.Ж арнаулы орта білімі бар, диплом бойынша мамандығы«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»сәйкес келеді.2023-2024оқужылында1тәрбиеші жұмыс жасады.Ол: Мадиярова У.Ж арнаулы орта білімі бар, диплом бойынша мамандығы«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»сәйкес келеді.

№	Педагогтардың аты–жөні т	Білімі,оқуорны, аяқтаған жылы	Диплом,бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Санаты
1	Мадиярова Умутжан Жаксылыковна	Щучинск ПедколледжМТ- I№107181 . 1988ж	«Мектепкедейінгі тәрбие және оқыту»	16	Педагог – сарапшы 25.12.2020ж №1008

## Педагогтардың білімі бойынша:

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы ортабілім	Арнаулы ортабілім	Пед. білім
2021-2022	1			1	1	1
2022-2023	1			1	1	1
2023-2024	1			1	1	1

**Қорытынды:** Барлық жұмыс жасайтын педагогтардың тиісті бейні бойынша білімі бар.

**2021-2022** оқу жылдары бойынша, 1-педагог мектепке дейінгі арнаулы орта білімді

**2022-2023** оқу жылдары бойынша 1-педагог мектепке дейінгі арнаулы орта білімді

**2023-2024** оқу жылдары бойынша, 1-педагог мектепке дейінгі арнаулы орта білімді

### 2.3. кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/расптау туралы мәліметтер

**Біліктілік санаты бойынша:**

Оқу жылдары	Жалпы саны	Санаты жоқ	Педагог	Педагог-Модератор	Педагог-Сарапшы	Педагог-Зерттеуші
2021-2022	1				1	
2022-2023	1				1	
2023-2024	1				1	

**Қорытынды:**

**2021-2022, 2022-2023, 2023-2024** оқу жылдары мектепалды даярлық және шағын орталық бойынша педагог – сарапшы 1

**Ұсыныс:** Педагогтардың сапалық құрамын арттыру үшін біліктілік санатын өсіру жұмыстарына көңіл бөлу керек.

### 2.4. кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

**Біліктілікті арттыру курстары:**

Мектепалды даярлық және шағын орталық педагогтары өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық

Деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында бес жылда бір рет біліктілік арттыру

курстарынан өтіп отырған.

**Курстан өткен педагогтар көрсеткіші**

Оқу жылдары	Педагог саны	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	Республикалық білім жетілдіру орталығы	Ақылы курстар
2021-2022	1	1		
2022-2023	1	1		
2023-2024	1	1		

1) **Мадиярова У.Ж**

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы. «Педагогтердің цифрлық құзырылығын дамыту» №13831 24.08.2021ж

2) Педагогикалық шеберлік орталығының Көкшетау қ филиалы «Балалардың мектепалды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120 академиялық сағат көлемінде оқу курсы аяқтады. 21.08.2021ж MD №004239

3) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген балалардың мектепалды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120 академиялық сағат көлемінде курсты аяқтады. 02.08.2021ж 1640d0071

4)Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі "Өрлеу"біліктіқарттыруұлттық орталығы" Акционерлік қоғамы.»Мектепке дейінгі білім беру 4К моделін енгізу» №035911 17.03.2022ж

5)»Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасы аудандық кезеңіне қатысқан үшін 03.11.2023 №1156

б)Практические и содержательные аспекты предшкольной подготовки 28.09.2023ж№0638055

#### **Ұсыныстар:**

**Мадиярова У.Ж**-ның санатын үш жылда бір рет арттыру;

**Қорытынды:**Мектепалды даярлық және шағын орталық педагогтары диплом бойынша мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы атқарып жүрген қызметтеріне сәйкес келеді.

### **3. Тәрбиеленушілерконтингенті**

*мектепкедейінгіұйымдарқызметініңүлгілікқағидаларынсақтау*

**Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес білім,білік және өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру,рухани-адамгершілік құндылықтарын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатындаұлттықсалт-дәстүрлері мен ұлттықадамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу.

#### **Міндеттері:**

тәрбиеленушілердіңөмірінжәнеденсаулығынқорғау;

тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

сапалы мектепалдыдаярлықтықамтамасызету;

тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;

ата-аналарғатәрбиеленушілердітәрбиелеу, оқыту, дамытужәнеденсаулығынсақтаубойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;

баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған өзгеретін ойын және тақырыптық зоналарды

(аймақтарды), инклюзивті дамыту ортасын құру;

***Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерконтингентітуралымәліметтер.*** «Никольск аулының№1ЖОББ »

КММ мектепалды даярлық сыныбы жұмыс тәртібі 5 күндік жұмыс аптасымен белгіленген.Мектепкедейінгіұйымныңнегізгіқұрылымдықбірлігіжастобыболып табылады, топтар жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жасақталған.

№	Оқужылы	Топаты	Бала саны	Оқыту-тәрбиелеу тілі
1	2021-2022 оқужылы	«Никольск аулының №1 ЖОББ» КММ мектепалды даярлық сынып	8	Қазақша
2	2022-2023 оқужылы	«Никольск аулының №1 ЖОББ» КММ мектепалды даярлық сынып	9	Қазақша
3	2023-2024 оқужылы	«Никольск аулының №1 ЖОББ» КММ мектепалды даярлық сынып	9	Қазақша

**Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер туралы мәліметтер:**

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленуші болмаған.

**ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып мектепалды даярлық сынып толықтығы туралы мәліметтер**

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқужылы бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленуші болмаған.

**Қорытынды:** ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар болмағандықтан, топтарға бөлінбеген

**Қосымша-5:** Тәрбиеленушілер қозғалысы туралы кесте және бұйрық кітабы анықтамаға қоса жалғанып отыр.

**3.6. Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:**

**-балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.**

**Талдау:**

#### Мектепалды даярлық сыныбы контингентінің құрылымы

Оқужылы	Бала саны/сынып	4,5 жас	5 жас	5,5 жас
2021-2022 оқужылы	8		1	
2022-2023 оқужылы	9	2	6	
2023-2024 оқужылы қыркүйек	9		8	1

#### 4. Оқу-әдістемелік жұмыс

**жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі;**

**2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары аралығындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін құрылған оқу жұмыс жоспарларындағы білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің мектепке дейінгі ұйымның МЖМБС талаптары мен ҮОЖ талаптарына сәйкестігі тексерілді. Аталған жылдардағы барлық оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері мектеп директорымен бекітілген, мекеменің мөрімен куәландырылған.**

Тәрбиеленушілердің апапталық оқу жүктемесінің көлемі ұзақтығы мен ұйымдастырылған оқу қызметі санитарлы—гигиеналық нормалар мен ережелер талаптарына сәйкес келеді.

**Тәрбиелеу-білім беру қызметін ұйымдастыруда:**

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту

туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 бұйрығы) «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары»;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары»;

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы»;

#### **2021-2022 оқу жылы**

**2021-2022 оқу жылында** мектепалды даярлық кластарының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 қосымшасы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылған. Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі жасалып бекітілген. Аталған оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары талапқа сай құрылған. Мектепалды даярлық класының жұмыстық оқу жоспарларында «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген.

Мектепалды даярлық топтарының жұмыстық оқу жоспарларында «Денсаулық»-3 сағат, «Қатынас»-5 сағат, «Таным»-2,5 сағат, «Шығармашылық»-5 сағат, «Әлеумет»-1,5 сағат білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген.

Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, айырмашылықтар жоқ. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 20 сағатты құрайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 17 сағат, вариативтік компонент курстары барлығы аптасына -3 сағатқа «Сиқырлым математика», «Логика», «Әріптер әлемінде» таңдалған. Апталық -20 сағат, жылдық -660 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы -25-30 минут. Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі жасалып, мектеп басшысымен бекітілген.

**Қосымша-1:** оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері анықтамаға қоса жалғанып отыр.

#### **Қорытынды:**

**Мектепалды даярлық кластарындағы оқу жұмыс жоспарлары,** білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 қосымшасы **талаптары мен** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізуге туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес құрылған.

#### **«Балдәурен» шағын орталық**

**2021-2022 оқу жылында** мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 қосымшасы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылған. Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі жасалып бекітілген. Осы аталған оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары талапқа сай құрылған. Оқу жоспарларында

«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген.

Инвариативті және вариативті оқу қызметінде ауытқушылықтар жоқ.

Шағын орталықтың педагогтары балалардың ойлау қабілеттерін, белсендігін арттырып, рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін дамыта отырып әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс вариативтік компонентіне бағдарлама құрастырды.

**Қосымша-6:** оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері анықтамаға қоса жалғанып отыр.

#### **Қорытынды:**

Мектепке дейінгі ұйымының 2021-2022 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 қосымшасы талаптарымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес құрылған.

#### **2022-2023 оқу жылы**

**2022-2023 оқу жылында** мектеп алды даярлық кластарының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары” на сәйкес құрылған.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылған және іске асырылады. Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

#### **2022-2023 оқу жылы**

**2022-2023 оқу жылында** шағын орталықтың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген 2-қосымшасы “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары” сәйкес құрылған.

«Бал дәурен» шағын орталықтың педагогтары тәрбиелеу білім беру процесін

- перспективалық жоспары;

- циклограммасы;

- бала дамуының мониторинг арқылы іске асырады.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер оқу жылы басталғанға дейін жылына жасап, мекеме басшысымен бекіттірген.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Циклограмма әр аптаға



құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

Балабақша топтарының циклограммалары:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықталған;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып жасалған;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдер қолданылған;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы орта құрылған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінген.

Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

**Қорытынды:**

**2022-2023 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспарлары,** білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” талаптары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес құрылған.

**Қосымша-6: оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері анықтамаға қоса жалғанып отыр.**

**мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру,**

**Талдау:**

2021-2022 оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйегінде № 412 бұйрығын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, «Мектепке дейінгі балалық шақ- 2021» Республикалық орталығының әдістемелік нұсқаулық хаты, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдардағы 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты негізге алып құрастырылды.

2021-2022 оқу жылына арналған күн тәртібі барлық топтарда да балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған. 2021-2022 оқу жылдары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері Перспективалық жоспар мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес іске асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар соның ішінде күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспары, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарлары құрылып, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі мекеме басшысымен бекітілген.

Балабақша педагогтары 2021-2022 оқу жылдары оқыту мен тәрбиелеу процесін жаңартылған білім мазмұнын бағдарламаның негізгі идеялары балалардың бойында ерте жастан дамыту қажет негізгі дағдылармен тығыз байланыстыруда

#### *Перспективалық жоспарлары*

Педагогтар перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде стандартқа сай құрастырылған. Перспективалық жоспар білім беру салалары бойынша ортақ тақырыптар арқылы балалардың күтілетін нәтижелерге жететін көрсеткіштері оқу жылының әрбір айына жасалған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша, креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырылған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагогтар перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырған.

Циклограммада әрбір күн тәртібі сәтінің ұзақтығы Санитариялық қағидалары талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, жасалған. Циклограмманы құрастыруда таңертеңгі гимнастикалардың серуендеріне, дидактикалық, қимылды және т.б. ойындарына, саусақ, артикуляциялық және гимнастиканың басқа түрлерін қолдануға көңіл бөлінген.

**Қорытынды:** 2021-2022 оқу жылдары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

**Қосымша-7:** Перспективалық жоспар және сабақ кестесі, Циклограмма, күн тәртібі анықтамаға қоса жалғанып отыр

#### **2022-2023 оқу жылы**

2022-2023 оқу жылындағы мектепалды даярлық тобындағы оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы" 1-қосымшасы негізінде құрастырылған.

Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады, біліктер мен дағдылардың қалыптасу деңгейін қадағалау үшін оқу жылына арналған баланың жеке даму картасын әзірлейді.

Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды.

Мектепалды топтарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады.

Мектептегі мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің бірінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады.

## **«Балдәурен» шағын орталық:**

Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылған:

«Никольск аулының №1 ЖОББ» КММ мектепалды даярлық сыныбында бойынша перспективалық жоспарларында төмендегідей мақсат-міндеттер жүзеге асырылған:

- қимылды, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік және дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын соның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыруға;

- балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді психофизикалық дамуы үшін жағдай жасау;
- дененің өсуі мен дамуының табиғи процестерін жетілдіру, қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру, дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау;
- денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың физикалық біліктерімен дағдыларын қалыптастыру және негізгі қимыл түрлерін жетілдіру
- балалардың ауыз екі сөйлеуін дамыту арқылы әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін жағдайлармен қамтамасыз ету
- қоршаған әлеммен өзара әрекет ету үшін қажетті танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруге жағдай жасау;
- балалардың танымдық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін қалыптастыру;
- әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында әлеуметтік қатынастар жүйесіне ену негізінде баланың әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.
- сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыру
- балалардың танымдық қабілеттерін, білуге құштарлығын, қиялын, зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын дамыту
- балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру, дербес тәжірибелік және шығармашылық әрекетті дамыту
- балаларды әлеуметтендіру, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру болып табылады.

### **«Балдырған» ортаңғы және ересек араластобы бойынша:**

- денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру
- баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене шынықтыруға қызығушылықты арттыру, денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, қимыл-қозғалыс тәжірибесін байыту, дене сапаларына және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту
- инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту
- инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту
- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін, көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін ұлттық мәдениетке баулу
- балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.
- инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру
- математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту

- балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу, олардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау
- жалпы адами нормалар мен ережелер және экологиялық білім негізінде тұлғаның әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

**Қорытынды:** Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы” және білім беру бағдарламалары талаптарына сәйкес.

**Қосымша-7:** Мектепке дейінгі ұйымда құрастырылған және бекітілген перспективалық жоспарлар (білім беру бағдарламалары) анықтамаға қоса жалғанады.

**Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне өлшем шарттар:**

**- тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы.**

**Талдау :** талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында өткен 2021-2022 оқу жылдардағы жұмыстық оқу жоспарларында ҮОЖ белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі берілген. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілген. Білім беру мазмұны бойынша өтпелі тақырыптарға сәйкес ұзақ мерзімді жоспарлар бекітіліп, циклограммалар жасалған, оқыту мерзімдеріне бөлінген, 5 білім беру саласын қамтиды. Циклограмма да тақырыбы, мақсаты, ресурстары, әдіс-тәсілдері, дидактикалық ойындары, күтілетін нәтижелері көрсетіле отырып жазылған.

**2021-2022 оқу жылының білім салалары бойынша жүктеме сағаттары:**

**даярлық сыныптардың** жұмыстық оқу жоспарында ҮОЖ белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі берілген. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бекітілген. Білім беру мазмұны бойынша өтпелі тақырыптарға сәйкес ұзақ мерзімді жоспарлар бекітіліп, циклограммалар жасалған, оқыту мерзімдеріне бөлінген, 5 білім беру саласын қамтиды. Циклограмма да тақырыбы, мақсаты, ресурстары, әдіс-тәсілдері, дидактикалық ойындары, күтілетін нәтижелері көрсетіле отырып жазылған.

**2021-2022 оқу жылында инварианттық компоненттен мектеп алды даярлық класында** «Денсаулық»-99 сағат, «Қатынас» -165 сағат, «Таным» - 82,5 сағат, «Шығармашылық» - 165 сағат, «Әлеумет»- 49,5 сағат. Вариативтік компонентте -99 сағат. Жылдық оқу жүктемесі-660 сағат.

**Қорытынды:** 2021-2022 оқу жылдарына арналған күн тәртібі даярлық класында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған.

**2022-2023 оқу жылында**

2022-2023 оқу жылында инварианттық компоненттен «Физикалық қасиеттерді дамыту» денешынықтыру аптасына 3 сағат, «Коммуникативтік дағдыларды дамыту»

1) Қазақ тілі аптасына 1 сағат; «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» Музыка 1 сағат, «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»

«Балдәурен» шағын орталықта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекеті түрінде ұйымдастырылған.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылды:

1) денешынықтыру;

- 2) сөйлеуді дамыту;
- 3) көркем әдебиет;
- 4) Сенсорика;
- 5) қазақ тілі;
- 6) математиканы негіздері;
- 8) құрастыру;
- 9) қоршаған ортамен таныстыру;
- 10) сурет салу;
- 11) мүсіндеу;
- 12) жапсыру;
- 13) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілген.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет топ тәрбиешісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене-шынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

**Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі** (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес қазақ тілі аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. **Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту** мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту жұмысы жүргізілген.

Бөбек жасы балалары үшін **сенсорика** бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді.

Ортаңғы және Ересек топ балалары үшін **математика негіздерін** күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым, түсініктерді (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту, олу үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

**Қоршаған ортамен танысу** күн сайына объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше 14 сұрақтардың жауабын іздеуімен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды.

«**Жаратылыстану**» ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілген.

**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру** күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе

көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түрімен айналысуына болады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекетіерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек топта аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Ұсынылған материалдарды зерделеуде 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына арналған күн тәртібі барлық сыныптарда да балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған.

**Қорытынды:** Апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы балалардың денсаулығы мен психикасын қорғау талаптарына сәйкес.

**Қосымша-7:** Ұйымдастырылған қызметтің перспективті жоспарлары мен тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы қоса жалғанады

## 5. Оқу-материалдық активтер

*–мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.*

«Қосымша-8: Бағаланатын кезеңге штаттық кестесі анықтамаға қоса жалғанып отыр.

### 5.3. Жиһаз және жабдықтар мен қамтылу туралы ақпарат.

«Никольск аулының №1 ЖОББ »КММ мектепалды даярлық сыныбында барлығы балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдарымен қамтамасыз етілген.

Сыныптағы заттық-дамыту орталықтары төмендегідей жиһаздармен жабдықталған: балалардың жасына байланысты парталармен отырғыштар, мұғалім үстелімен отырғышы, тақта, кітаптар мен құрал-жабдықтар қоятын сөрелер, стендтер.

Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Топтарда «Шаштараз», «Дәріхана» бұрышы, сонымен қатар «Табиғат», «Біз кезекшіміз» бұрыштары орнатылған. Сюжеттік-рольдік ойындардың құрал-жабдықтары жинақталған, бөлме өсімдіктері өсеріледі. Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында мозайка, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Пәндік-кеңістік дамытушы орта бес білім беру саласына негізделген, балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін, жас ерекшеліктеріне сәйкес төмендегідей бөлінген.

«Денсаулық» саласы бойынша: - «Өзүйді тап», «Тышқан мен мысық», «Кегілді көзде», «Ұйқыдағы аю», «Допты тордан лақтыр», «Доптар мектебі», «Допты қуып жет», «Балапандар

мен мысық», «Қояндармен қасқыр», «Түлкімен балапандар», «Тышқандармен мысық», «Араларменау», «Торғайлар», «Жеміс-жидектер» және т.б. жаттығулар картотекасы; Жәнесекіртпелер, кеглдер, шығыршықтар, доптар, массажды секіртпелер, теннистаяқшалары бар; Жыл мезгілдеріне байланысты серуен картотекалары бар.

2) «Таным» саласы бойынша: - «Апта күндері», «Көңілді санамақтар», «Мынау қай пішін?» және т.б. сергіту жаттығулары; - «Көпжәне біреу», «Бөлмедегі саяхат», «Көршісін тап»,

«Көлеңкесін тап», «Өзүяшығын датап» және т.б. математикалық қабілеттерін қалыптастыруға арналған картотекалар; - үлестірмелі карточкалар, сандар, дойбы, геометриялық пішіндер, «Төрттүлік», «Жабайы жануарлар», «Құстар», «Көліктер» және т.б. суреттер жиынтығы бар.

3) «Қатынас» саласы бойынша: - «Кемпірқосақ», «Бақшада» және т.б. тілге аналған жаттығулар картотекасы; Үлестірмелі каточкалар, әріптер, буындар, дыбыстық талдауға арналған текшелер, мозайкалар, балалар компьютері бар.

4) «Шығармашылық» саласы бойынша: «Ою құрастыру», «Қай аспап жоқ?», «Әдемі гүлдер», «Аспап үнінен тап», «Бізге келген қонақтар», «Тыңда айт» және тағы басқа ойын картотекасы бар. Сонымен бірге акварель бояулар, қылқаламдар, түрлі түсті қарындаштар, ермексаздар, пішіндер, конструкторлар, бастыру трафареттері, боямақтар; - балаларға арналған музыкалық аспаптар: домбыра, сылдырмақтар, микрофон бар.

5) «Әлеумет» саласы бойынша: - «Жолда жүру ережесі» бұрышы, «Менің кішкентай бауырларым», «Аспанәлемі», «Дәрумендер» және т.б. әңгімелесуге арналған картотекалар; «Жол ережесін білесің бе?», «Мен көшедемін», «Мен үйдемін» және т.б. картотекалар жиынтығы бар.

Сонымен қатар балалардың ойлау қабілеті, дұрыс сөйлеуі мен бір-біріне қатынастарын арттыру мақсатында «Емхана», «Асхана», «Шаштараз» және т.б. сюжетті-рөлді ойындар бұрышы, «Оқуға құштар мектеп» атты кітаптар бұрышы ұйымдастырылған. «Үстел үсті театры», «Саусақ театры», ертегілерге байланысты картоннан жасалған бетперделер бар.

Табиғат бұрышында балалар бөлме өсімдіктеріне қарауға мүмкіндік жасалған. Қарағай бүрлері, құм, дәндер, жапырақтар және түрлі табиғи материалдар бар.

Баланың танымдық, сөйлеу, шығармашылық іс-әрекетін, коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық оқу құралдары мен үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық талғамға сай. Барлық топтардың оқу бөлмесінде балалардың білім алу мен тәрбиеленуіне, дамуына жағдайлар жасалған.

**Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат 5-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса беріледі.**

**Қорытынды:** «Балдәурен» шағын орталықта баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылған. Әдістемелік база жағдайы, оқу-тәрбие үрдісінің жұмысы «қанағаттанарлық» деңгейде. Барлық топтарда МЖМБС білім беру салалары бойынша жабдықталған.

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» талаптары сақталған.**

**Қосымша-9:** Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат басшының қолымен және мөрімен расталған кесте анықтамаға қоса жалғанып отыр және бухгалтерлік есептік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі (білім беру ұйымы бекіткен және білім беру басқармасы органымен келісілген түгендеу тізімдемесі).

#### **6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры**

**Әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес балабақшадағы оқу әдістемелік кешендер тізімдемесі жасалды. Бірақ толықтыруды қажет етеді

**Қосымша-10:** 5-қосымшаға сәйкес оқу әдістемелік кешендер тізімі жасалып анықтамаға қоса жалғанып отыр.

#### **7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау**

**Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы**

**Талдау:**

2021-2022 оқу жылындағы мектепалды даярлық класында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелеріне бақылаулар оқу жылында 3 рет (оқу жылы басында, қаңтар айында, оқу жылы аяғында) жүргізілген. Топтағы әрбір бала бойынша 5 білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетіліп, диагностиканың нәтижелері шығарылған.

2021-2022 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруден кейін бойынша білім беру салаларының мониторингісі мектепалды даярлық топтар бойынша балалардың жеке даму картасында түзету шараларының бастапқы нәтижесі нақты берілген, балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасы бағаланған.

**2021-2022 оқу жылы**

№	Мониторинг	Мектепалды даярлық сыныбының бала саны	I-деңгей Төмен деңгейдегі балалардың үлесі	II-деңгей Орташа деңгейдегі балалардың үлесі	III-деңгей жоғары деңгейдегі балалардың үлесі	Қорытынды
1	Бастапқы	8	2/40%	4/60%	0	100%
2	Аралық	8		2/40%	4/60%	100%
3	Қорытынды	7		3/40%	4/60%	100%

**Қосымша-6: Балалардың жеке даму карталарының тамаға қоса жалғанған.**

**5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;**

2021-2022 оқу жылындағы балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізілген. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалған. Бақылау парағы 5 білім беру саласы бойынша жасалған. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша балалардың деңгейі көрсетілген. 2021-2022-оқу жылының бастапқы кезеңдегі баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының көрсеткіші 100% пайыз болғаны анықталды.

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын **бастапқы, аралық** бақылау нәтижелері бойынша **жиынтық есеп:**

**2021-2022 оқу жылы**

№	Мониторинг	Мектепалды даярлық сыныбының бала саны	I-деңгей Төмен деңгейдегі балалардың үлесі	II-деңгей Орташа деңгейдегі балалардың үлесі	III-деңгей жоғары деңгейдегі балалардың үлесі	Қорытынды
1	Бастапқы	9	2/40%	4/60%	0	100%
2	Аралық	9		2/40%	4/60%	100%
3	Қорытынды	9		3/40%	4/60%	100%

**Қосымша-6: Балалардың жеке даму карталарының тамаға қоса жалғанған.**

**б) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;**

*Талдау:*

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктерімен дағдыларды игергендігі анықталған. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады деңгейлерін игерген. Сауалнама нәтижелері мектепалды даярлық тобындағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен оқыту нәтижелеріне, балаларының игерген білім, білік, дағдыларына қанағаттанатынын көрсетіп отыр

**2021-2022 оқу жылы**

Р/с№	Дағдылар тізбесі	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)	
		Топтар саны/балалардың саны	Дағдыларды игерген балалар саны%
1	Денсаулық сақтаудағы дағдылары	1/6	100%



2	Коммуникативтік-тілдік дағдылар	1/6	100%
3	Танымдық дағдылар	1/6	100%
4	Шығармашылық дағдылар	1/6	100%
5	Әлеуметтік дағдылар	1/6	100%

*Қорытынды:* Педагогтар бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін мониторинг арқылы жүзеге асырады.

#### 2021-2022 оқужылы

2021-2022 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру салаларының мониторингісі мектепалды даярлық топтар бойынша балалардың жеке даму картасын да түзету шараларының бастапқы нәтижесі нақты берілген, балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасы бағаланған. Мониторинг педагогтің балалардың түрлі жас кезеңдерінде Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді.

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктерімен дағдыларды игергендігі анықталған. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады деңгейлерін игерген.

**Қорытынды:** Тәрбиеленушілердің даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері талапқа сәйкес.

#### **Талдау:**

2021-2022 және 2022-2023 (қыркүйек-мамыр) оқу жылдарындағы балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізілген. Бақылау парағы 5 білім беру саласы бойынша жасалған. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша балалардың деңгейі көрсетілген.

Мониторинг нәтижелеріналуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалған. .

Барлық білім беру салалары бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау нәтижелері шығарылған. Бастапқы бақылау көрсеткіші орта есеппен алғандағы 56%-

ды көрсетіп отыр, аралық көрсеткіш орта есеппен алғандағы 70%-ды көрсетсе, қорытынды бақылау көрсеткіші 86%-ды көрсеткен. Алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда 6% өсім байқалған.

#### 2022-2023

Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін **ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің мазмұнынан күтілетін нәтижелер** болып табылады. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттермен ойындар кезінде бақылау;
  - әңгімелесу;
  - балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және басқалар.
- Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру және жүргізудің жұмыс түрлері

**жаңашаландырылды.** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы

№422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілуіне байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің критерийлері мен индикаторлары, әдістері мен тәсілдері және есептеу әдістемесі жаңа форматта жүргізілді.

Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалған. Бақылау парағы «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша жасалған. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім берудеңгейлері бойынша балалардың деңгейі көрсетілген.

#### **Қорытынды:**

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының бастапқы бақылау нәтижелері аланып, нәтижелері қорытындыланып отырған.

**Қосымша-11:** Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері анықтамаға қоса жалғанады

**Қосымша-12:** Балалардың жеке даму карталары анықтамаға қоса жалғанған.

#### **Қорытынды:**

Тәрбиеленушілердің дамуын бағалау құралдары, бағалау тәртібі стандарт талаптарына сай келеді. Тәрбиеленушілердің дамуын бағалау мониторинг көрсеткіштері орташа есеппен 92 % - деңгейді құрады.

Тәрбиеленушілердің даму деңгейлерін бағалау мониторингінің сапасын бақылау бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілген, іс-құжаттары талапқа сай жинақталып, талап етуші орынға көшірмелері дайындалды.

**7.3. үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің болуы және талдауы (қорытынды)**

#### **Талдау:**

2021-2022 оқу жылдарындағы жас ерекшеліктеріне сәйкес баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелеріне бақылаулар оқу жылында 3 рет (оқу жылы басында, қаңтар айында, оқу жылы аяғында) жүргізілген. Топтағы әрбір бала бойынша 5 білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетіліп, диагностиканың нәтижелері шығарылған.

Балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталған. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған.

**Балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасы: 2021-2022 оқу жылы**

№	Мониторинг	баласаны	I-деңгей Төмен деңгейдегі балалардың үлесі	II-деңгей Орташа деңгейдегі балалардың үлесі	III-деңгей жоғары деңгейдегі балалардың үлесі	Қорытынды
1	Бастапқы	6	2/40%	4/60%	0	100%
2	Аралық	6		2/40%	4/60%	100%
3	Қорытынды	7		3/40%	4/60%	100%

**2022-2023 оқу жылы** тәрбиеленушілердің даму мониторингілерінің жаңа форматы енгізілді. Осыған сәйкес мектепалды даярлық сыныбында қыркүйек айында бастапқы мониторинг жүргізілді. Мониторинг «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары»

-на сәйкес жасалды.

Диагностика жүргізуде қолданылатын әдістер: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша мониторинг жүргізу үшін критерийлерге сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі жасалған. Әрбір критерийге берілген үш индикаторға сәйкес балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеруін, өз білімін қолдана отырып, білік, дағдыларды игеруін, сондай-ақ балалар мен педагогтің күтілетін нәтижеге жету деңгейлерін анықтауға және баланың жеке даму картасын жүргізу үшін алдағы жұмысты жоспарлауға жалпы жеке баламен, топпен тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға болады. Мониторингті осылай әрбір критерийдің индикаторларына сәйкес белгілеу, мониторингті шынайы жүргізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ топтың Үлгілік бағдарламаны игеруі бойынша толық нәтижесін көруге, Үлгілік бағдарлама мақсатына жетуге әрбір баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпыадами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашуға ықпал етеді.

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталған. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады деңгейлерін игерген.

Мектепке дейінгі ұйымның қорытынды мониторинг көрсеткіштері жоғарыдағы кестеде берілген, шағын орталық бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі соның ішінде жоғары және орташа деңгейді көрсеткен балалардың үлесі – **92 %** пайызды көрсетті

**Қорытынды:** Ересек тобы бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі соның ішінде жоғары және орташа деңгейді көрсеткен балалардың саны - 4 болды, бұл – 0% көрсетті.

**Қосымша-11:** тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелері

**Қорытынды:** Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі негізінде жүргізілген. Педагогтар бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін мониторинг арқылы жүзеге асырады. Тәрбиеленушіні I-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

**Талдау:**

2021-2022 оқу жылдарының басында Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 30 бабы 2 тармағы негізінде мектеп директорының «Мектепалды даярлық сыныбын жинақтау туралы» бұйрығы шығарылып отырған.

2021-2022 оқу жылына 9 бала мектепалды даярлық сыныптарына қабылданып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын 1 жылда меңгерген, меңгеру мерзімі сақталған.

2022-2023 оқу жылына б бала мектепалды даярлық сыныптарына қабылданып, оқытылған 2023-2024 оқу жылына б бала мектепалды даярлық сыныптарына қабылданып, оқытылуда Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару мерзімінде жүргізілген.

Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару мерзімінде жүргізілген. Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталған.

**Қорытынды:** Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталған.

**Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттанудың негізін анықтау бойынша білім беру процестеріне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау**

**Талдау:**

**2023-2024 оқу жылында** қазан айының 20 күні мектепалды даярлық жастағы балаларының ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 6 ата – ана қатысты.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе заңды өкілдерінен) сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау үшін ересек жастағы балаларының ата-аналары сауалнама мазмұнын түсініп, өз ықыластарымен толтырды.

Сауалнаманы талдай отырып, мынадай қорытынды анықталды:

**Сауалнаманың талдауы:**

№	Сұрақтар	Толық келісемін	келісемін	келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	3	3	0	0
2	Топта баланың оқуымен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	4	2	0	0
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	4	2	0	0
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	4	2	0	0
5	Мұғалімдер тиканормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынасты әділеттілік тік сақтайды	5	1	0	
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба?	5	1	0	
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	5	1	0	
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	3	3	0	0
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпарат тандыру сапасына қанағаттанасыз	3	3	0	0

10	Топата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкерлері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т.б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.	5	1	0	0
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	6	0	0	0
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе?	4	2	0	0
13	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	0	0	0	0
	<b>Барлығы</b>	<b>70,8%</b>	<b>29,2%</b>		

#### Мектеп алды даярлық сыныпта-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан ата-ана саны	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	6	70,8%	29,2%	0	0
		<b>100%</b>			

Респонденттер мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысына 100%-ы қанағаттанған.

#### Сауалнама қорытындысы:

Мектепке дейінгі ұйымдардың ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақтар	Қатысқан педагогтар саны	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	9	67%	22%	0%	11%
		<b>89%</b>				
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	9	67%	33%	0%	0%
		<b>100%</b>				
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	9	78%	22%	0%	0%
		<b>100%</b>				
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	9	78%	22%	0%	0%
		<b>100%</b>				
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	9	56%	44%	0%	0%
		<b>100%</b>				

6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	9	78%	22%	0%	0%
			100%			
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	9	78%	22%	0%	0%
			100%			
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	9	62%	25%	13%	0%
			87%			
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	9	78%	22%	0%	0%
			100%			
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.	9	67%	33%	0%	0%
			100%			
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	9	78%	22%	0%	0%
			100%			
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	9	44%	56%	0%	0%
			100%			
13	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	9	75%	22%	3%	0%
			97%			